

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**

**МАҚАН ЕСБОЛАТОВ АТЫНДАҒЫ
АЛМАТЫ АКАДЕМИЯСЫ**

ҚАРУДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ БӨЛІГІ

(Оқу-тәжірибелік құрал)



Алматы 2023

ӘОЖ 623.4

КБЖ 68.8

Қ 42

Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы
Алматы академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесімен ұсынылған

Пікір білдірушілер:

Әбілбаев Ү.А. – Алматы қ. ПД ЖҚАР командирі полиция
подполковнигі

Қан А.Г. – Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы
ғылыми-зерттеу орталығының бастығы, з.ғ.к., полиция полковнигі

Қ 42 Қарудың материалдық бөлігі. А.А. Амангазин, О.Р. Цой,
А.О. Аубакирова, Е.Б. Асанбаев: Оқу-тәжірибелік құралы: – Алматы: ҚР ІІМ
М. Есболатов атындағы Алматы академиясының ҒЗЖБЖҰБ, 2023. – 112 б.

ISBN 978-601-360-066-6

«Қарудың материалдық бөліктері» оқу-тәжірибелік құралы ҚР
ІІМ Академия тыңдаушыларына, ҚР ІІМ қызметкерлеріне, ҚР ҚМ,
күзетуші бөліністерге арналған. Аталған оқу құралында 9 мм Макаров
тапаншасының материалдық бөлігі, ату дайындығы негіздері, атудың
ережелері мен тәсілдері, қару қолданудың нормативтік-құқықтық
негіздері, қару мен қару-жарақпен жұмыс жасаудағы сақтық
шаралары.

ӘОЖ 623.4

КБЖ 68.8

ISBN 978-601-360-066-6

© Қазақстан Республикасы ІІМ
М. Есболатов атындағы
Алматы академиясы, 2023

Кіріспе

1930 жылы Ф.В. Токаревтің құрастыруымен ескірген ЖШҚА «Наган» револьверінің орнына алғашқы әскери өзіндік оталатын отандық 7.62 мм оғымен тапанша құрастырылды. 1933 жылы Ф. Токарев ТТ тапаншасының технологиясын жақсартты. Алайда, біраз уақыттан соң бұл қарудың – соққы серіппесінің ұзақ жарамайтыны, сақтандырғышының жоқтығы, оқжатардың түсіп қала беруі сынды кемшіліктері анықталды. Сондықтан, 1938 жылы жаңа тапаншалар конкурсын ұйымдастырып, оған П.В. Воеводин, С.А. Коровин, С.А. Прилуцкий, И.И. Раков и Ф.В. Токарев өздерінің шығармаларын ұсынды. Біршама салыстырмалы сынақтардан соң 1941 жылы Воеводинскийдің шығармасы үздік деп танылды, алайды оны жүзеге асыруға соғыс кедергі болады. 1945 жылы тағы да жаңадан конкурс жарияланады. Оның шарты бойынша ТТ тапаншасына қарағанда жеңіл әрі көлемі жағынан кіші, сонымен қатар, сенімді әрі нақты, 9x18 В.В. Семиннің жаңа оқ-дәрі немесе 7.65 мм жайратушы патронды оқ болуы керек. Конкурсқа алғашқы қатысқандармен қатар С.Г. Симонов, Н.Ф. Макаровта қатысады.

Н.Ф. Макаров екі үлгі жасайды: ТКБ-412, 7,65 оғымен мм және 9 мм калибрлі ТКБ-429. Соңғысы басым түсті. 1951 жылы 9 мм Макаров тапаншасы Кеңес Армиясын қаруландыру үшін қабылданды, содан соң, ПМ мен мемлекеттік қауіпсіздікке берілді. Бірақ, тандалған МТ кемшіліксіз болмады. Ұңғысының қысқалығы, оқ күшінің аздығы, оқтың тесіп өтуі мен тиюінің нашарлығы туралы ең алдымен құқыққорғау органдарының қызметкерлері айтады.

ПД қызметкерлерінің алдынан тағы бір мәселе туындады, ол үнемі қарумен жұмыс істегендіктен қару үйреншікті болып, қауіпті сезіну жойылып бара жатты.

Көптеген оқыс оқиғалар жаңадан келген қызметкерлер арасында емес, қаруды бірнеше жылдан бері қолданушылар арасында орын алады. Бұдан шығу жолы біреу-сақтық ережелерін сақтауды шартсыз таптаурын беталуын автоматты қозғалыс дағдысына айналдыру керек. Жүргізілген қауіпсіздік шараларын сақтау тек қажет кезінде ғана емес, логикаға жатпайтын немесе қисынсыз жағдайларда да қажет.

1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

1.1 Тапаншаның бағытталу мен ату қасиеттері

9 мм Макаров тапаншасы (1 сурет) қысқа қашықтықта қарсыласты күйретуге арналған шабуыл мен қорғаныстың жеке қаруы болып табылады.



1 сурет. 9 мм Макаров тапаншасының жалпы көрнісі

Тапаншадан 50 м қашықтықтан ату неғұрлым тиімді.

Оқтың жою күші 350 м дейін сақталады.

Тапанша бір адммен атылады.

Тапаншадан оқтың жылдам атылуы минутына 30 оқ.


Оқталған магазинімен тапаншаның салмағы 810 г.

Тапаншадан оқ ату үшін 9 мм патрондар қолданылады. Оқтың ұшуының бастапқы жылдамдығы 315 м/сек.

Оқжатардың сыйымдылығы 8 оқ.

1.2 Тапаншаның жалпы құрылымы мен бөлімдерінің жұмысы

Тапанша құрылымы жағынан да және онымен жұмыс істеуде қарпайым, көлемі бойынша кішкентай, алып жүруге ыңғайлы және әрекет етуге әр қашан да дайын. Тапанша – өздігінен зарядталатын қару, атыс барысында автоматты түрде оқталады. Тапаншаның автоматикалық жұмыстары еркін ұңғы қайтаруды қолдану принциптеріне негізделген. Ұңғы ысырмасында ілгек болмайды. Ату барысында ұңғы арнасын бекіту сенімділігі ысырманың үлкен массасымен және қайтару серіппесінің күшімен орын алады. Тапаншада өздігінен атылатын соққы ағытқыш механизмінің шүріппе тектес болуынан түсіру шүріппесінің құйрығына тікелей басу арқылы, шүріппені еңгізбей-ақ оқ атуға болады. Тапаншаны қолданудағы сақтық шаралары қолданыстағы сақтандырғышы арқылы қамтамасыз етіледі. Тапанша бекітпесінің сол жағында орналасқан сақтандырғышы болады. Сонымен қатар, түсірілген шүріппемен түсірілген ілгек (ілгектің «босатылуы») соққы серіппесінің ықпалымен шүріппе сақтандырғышқа автоматты түрде тұрады. Соққы серіппесінің жалпақ қанатшасының имек (қысқарған) ұшы ықпалымен шүріппе ысырмадан бірнеше бұрышқа айналып (бұл «еркін» шүріппе), сыбырлақ тұмсығы шүріппе взводының сақтандырғышының алдына шығады. Түсіру шүріппесі жіберілгеннен соң соққы серіппесінің қысқа қанатшасының әсерінен түсіру шүріппесі артқы жағдайға түседі. Взвод рычагы мен сыбырлағы төмен түсіп, сыбырлақ өзінің серіппесі ықпалымен шүріппеге сығылып, шүріппе автоматты түрде сақтандыру взводына түседі. Тапанша мынандай негізгі бөліктен тұрады (2 сурет).



2 сурет. Тапаншаның негізгі бөліктері мен механизмдері: 1 – Қаңқа мен ұңғы және ағытқыш доға; 2 – бекітпе, лақтырғышы мен сақтандырығыш; 3 – қайтармалы серіппесі; 4 – соққы ағытқыш механизмінің бөліктері; 5 – бұрандалы сабынан; 6 – бекітпе кедергісі; 7 – оқжатар.

Қарудан оқ ату үшін сұқ саусақпен ағытқыш ілмекті басу керек. Шүріппе бұл кезде тоқпақ соққыға соғылып, патронның капсюлясын жарады. Осының нәтижесінде оқдәрі заряды тұтанады және үлкен көлемде оқдәрі газдары пайда болады. Оқдәрі газдарының қысымынан оқ ұңғы арнасынан лақтырылады. Гильза түбінен берілетін газ қысымынан бекітпе лақтырғышымен гильзаны кідіртеді және қайтару серіппесін қыса отырып артқа кетеді. Гильза шағылыстырғышпен кездескен кезде бекітпедегі терезесі арқылы сыртқа лақтырылады. Бекітпе артқы шеккі жағдайға жеткенде шүріппені шетмойында кері бұрып, оны ату взводуна қояды. Артқы шегіне жеткен соң қайтару ысырмасы алға қайтып келеді. Бекітпе алға

жылжығанда оқжатардың жөнелтуші серіппесі кезекті оқты жылжытады және оны оқпанға жібереді. Ұңғы арнасы еркін ысырмамен жабылады, тапанша қайтадан оқ атуға дайын. Келесі оқты ату үшін ағытқыш ілмекті жіберіп, сосын оған қайта басу керек. Осылайша оқжатардағы патрондар таусылғанша атуды жалғастыра береді. Барлық оқтарды бітіргеннен соң бекітпе кедергісіне түседі және артқы қалыпты шекке тұрады.

2. ТАПАНШАНЫ БҰЗУ (ШАШУ), ЖИНАУ, ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ МАЙЛАУ

2.1. Тапаншаны бұзу мен жинау

Тапаншаны шашу жартылай және толық шашу болуы мүмкін.

Жартылай шашу тазалау, майлау және тапаншаны тексеру үшін жасалады; тапаншаны толық шашу ол қарудың қар немесе жауынның астында қалғаннан кейін немесе жөндеуден кейін, қайта майлау үшін сондай-ақ, қатты кірлеп кеткен кезінде жүргізіледі. Тапаншаны жиі толықтай шашуға жол берілмейді, себебі, ол тапаншаның кей механизмі мен бөліктерінің тез ескіруіне, жарамсыз болып қалуына әкеп соғады.

Тапаншаны шашып, қайта жинау кезінде мынандай ережелерді сақтау қажет:


1. қаруды шашу және жинау стөл үстінде немесе орындық үстінде ал далада болса астына төсеніш төсеу арқылымжүргізіледі;

2. шашатын қарудың бөлшектері мен механизмдері бұзу кезіндегі тәртіппен қойылады, олармен жұмыс жасау барысында аса күш қолданбау керек және бірден соққы жасалмауы тиіс, өте мұқият болған абзал;

3. қаруды жинау барысында өзге тапаншалар бөліктерімен шатастырып алмас үшін бөлшектердің нөмірлеріне назар аудару керек.

Тапаншаны жартылай шашу келесі тәртіпте жүргізіледі:

1. Қарудың негізгі сабынан оқжатарды шығару (3 сурет). Тапанша тұтқасынан ұстап, сол қолдың сұқ саусағымен бір уақытта оқжатар қақпағының шығыңқы бөлігін тартып, қарудың негізгі сабынан оқжатарды сурып алу керек.



3 сурет. Қарудың негізгі сабынан оқжатарды шығару.

Оқпанда оқтың бар жоғын тексеу керек, ол үшін сақтандырғышты өшіріп (жалаушаны төмен түсіреді), сол қолмен бекітпені артқы жағдайға апарып, бекітпе кедергісіне қояды және оқпанды тексереді. Оң қолдың бас бармағымен бекітпе кедергісін басып бекітпені босатады.


Қарудың негізгі сабынан оқжатарды шығару. тапанша тұтқасын оң қолмен ұстап тұрып сол қолмен ағытқыш доғаны төмен тартады (4 сурет), оны солға немесе оңға қисайтып, осы жағдайда тұру үшін жиекке

тіреді. Қаруды әрмен қарай шашуда оны берілген күйде оң қолдың сұқ саусағымен ұстайды.



4 сурет. Ағытқыш доғасын тарту

Сол қолмен бекітпені тартып шекті артқы жағдайға апару, қайтару серіппесі ықпалымен алға жылжуға мүмкіндік беріп, бекітпенің артқы ұшын көтереді. Бекітпені қарудың қаңқасынан бөліп алады (5 сурет) және ағытқыш доғаны өз орнына қояды.




5 сурет. Бекітпені қару қаңқасынан ажырату

3. Ұңғыдан қайтару серіппесін ажырату. Жиекті оң қолмен саптан ұстап оны ұңғыдан шығарады.


Жартылай шашқаннан кейін тапаншаны қайта жинау керісінше жүргізіледі.

1. Ұңғыға қайтару серіппесін кигізеді. Оң қолға қарудың негізгі сабын ұстап тұрып, сол қолмен ұңғыға қайтармалы серіппені диаметрі кіші бұрама ұшы жағымен бұрап кигізеді.




6 сурет. Бекітпені ұңғыға және қаруға еңгізу

Бекітпені қару жиегіне жалғау. Қаруды оң қолға ұстап, бекітпені сол қолға, қайтару серіппесінің еркін ұшын ысырман арнасына еңгізеді (6сурет), ұңғының бекітпе ұңғы арнасы арқылы өтіп сыртқа шығатындай тартып шекті арқы жағдайға жеткізеді (7сурет). бекітпені шығыңқысы жиек ойықтарына орналасатындай етіп артқы ұшын жиекке босатады және қысып, оны босатады. Бекітпені қайтармалы серіппенің әсерінен алдыңғы жағдайға жылдам қайта келеді. Сақтандырғышты қосады (жалаушасын жоғары көтереді).



7 сурет. Бекітпені қаңқаға жалғау

Ескерту. Бекітпені жиекке қосу ағытқыш доғаны төмен тартып, шайқау міндетті емес. Сонымен қатар, бекітпенінің артқы жағын көтеріп тұрып артқы шекті жағдайына дейін тартып апарып, қаңқаның артқы жағындағы қапсырмасына толық кигізіп алдыға қарай итеріп бекіту.



8 сурет. Оқжатарды қарудың негізгі сабына енгізу.

3. Оқжатарды қарудың негізгі сабына енгізу. Тапаншаны оң қолмен ұстап, сол қолдың бас бармағы мен сұқ саусағымен оқжатарды қарудың негізгі сабына төменгі терезесі арқылы енгіземіз (8 сурет). Оқжатар астыңғы


қақпағын бас бармақпен басып сырт еткен дыбысты естуіміз керек. Оқжатарды енгізерде алақанмен ұруға жол берілмейді.

Тапаншаны жартылай шашқан соң жиналуының дұрыстығын тексеру. Сақтандырғыштан алу (жалаушаны төмен түсіреді). Бекітпені артқы жағдайға апарады және оны босатады. Біршама алға қозғалған бекітпе бекітпе кедергісіне түсіп, артқы жағдайда қалады. Оң қолдың бас бармағымен бекітпе кедергісін басып, бекітпені жібереді. Бекітпе қайтармалы серіппесінің әсерінен жылдам алдыңғы жағдайға қайта келуі керек, ал шүріппе атуға дайын күйінде тұруы тиіс. Сақтандырғышты қосады (жалаушаны жоғары көтереді). Шүріппе ату жағдайынан түсіріліп, блокқа түсуі тиіс.

Тапаншаны толықтай бұзу келесі тәртіпте жүргізіледі:

1. Тапаншаны жартылай шашуды жүргізу.
2. сыбырлақ пен ысырма кідіртпесін жиектен бөліп алу.


Сол қолдың бас бармағымен шүріппе басын ұстап тапаншаны сол қолға алады және сұқ саусақпен түсіру шүріппесінің ұшына баса отырып жаймен шүріппені ату взводынан түсіреді.



9 сурет. Сыбырлақ серіппе ілмегін ысырма кідіртпесінен алу.


Ысқыш шығыңқысымен ысырма кідіртпесінен сыбырлақ серіппесінң ілмегін түсіру (9 сурет).

Оң қолдың бас бармағы мен сұқ саусағымен сыбырлақты оң шетмойынның қасқалына жиектегі шетмойын ұяшығының жырығына сәйкестенгенше алға бұрады. (10 сурет).




10 сурет. Жиектен ысырма кідірісі мен сыбырлақты бөлу.

Жиектен соққы серіппесі мен сап негізінен сапты бөлу. Ысқыш жүзімен сапты артқа жылжытып бұрауышты бұрап, сап негізінен бөліп алады. (11 сурет).



11 сурет. Қарудың негізгі сабын қаңқадан ажырату

Сол қолдың бас бармағымен сап негізіне соққы серіппесін басып төмен жылжытады және сап негізінен соққы серіппесінің бекітпесін бөліп алады және сап негізінің құймасынан соққы серіппесін алады. (12 сурет).




12 сурет. Жиектен соққы серіппесін бөлу

Ескерту

1) атыс жағдайларында, егер қолда ысқыш жоқ болса, бұраманы ысырма шағылыстырғышымен бұрауға болады;


2) алғашқы шығарылған тапаншаларды соққы серіппесі ілгексіз бекітіледі.

4.Шүріппені жиектен ажырату. Сол қолда жиекті ұстап тұрып түсіру шүріппесін шекті алдыңғы жағдайға жеткізіп, оң қолдың сұқ және бас бармағымен шүріппені жиектегі шетмойын ұяшығындағы шетмойын қасқалшасына (лыска) сәйкестенгенше алға айналдырады, шүріппені ұңғы жаққа жылжытады және оны шығарып алады. (13 сурет).



13. Шүріппені жиектен ажырату

5. Рычагтың түсіру күшін жиектен бөлу. Жиекті сол қолда ұстап оң қолмен түсіру күшінің артқы ұшын көтереді (14 сурет) және түсіру күшінің ойығынан шетмойынды шығарады.




14сурет. Жиектен түсіру күшін взвод рычагымен бөлу.

6. Түсіру күшін жиектен бөледі. Жиекті сол қолмен ұстап тұрып оң қолмен тапаншаны жартылай бұзғандағыдай түсіру қапсырмасын төмен тартады, түсіру шүріппесінің ұшын алға бұрып, түсіру шүріппесінің шетмойынын жиектегі шетмойын ұяшығынан шығарады

және түсіру шүріппесін жиектен ажыратады. Түсіру қапсырмасын өз орнына қояды.


7. Ысырмадан сақтандырғыш пен тоқпақты ажырату. Ысырманы сол қолға алып оң қолдың бас бармағымен сақтандырғыш жалаушасын жоғары бұрайды, сосын, оң қолдың бас бармағы мен сұқ саусағымен жалаушаны ұяшықтан шетке апарып, ары қарай айналдыра отырып ысырмадан ұяшықты шағарады. (15сурет).



15 сурет. Бекітпеден сақтандырғышты бөлу


Бекітпенің ұшына оң қолдың алақанымен жеңіл соққы жасап ысырмадан тоқпақты шығарады.

8. Лақтырғышты бекітпеден бөлу. (16 сурет). Бекітпені столға қояды (отарғашқа), ысқыш шығыңқысының көмегімен оң қолмен лақтырғыш қыспасын батырады және бір уақытта сол қолдың сұқ саусағымен лақтырғыштың алдыңғы бөлігін баса тұрып оны ілгекті айналдыра ойықтан шығарып, содан соң абайлап ысырма ұяшығынан серіппелі қыспаны шығарады.



16. сурет. Лақтырғышты бекітпеден бөлу


9. Оқжатарды бөлшектеу. Сол қолға оқжатарды алып осы қолдың бас бармағы мен сұқ саусағын жөнелткіш серіппесін жөнелткішке қысады, оң қолмен шығыңқы бөлігінен оқжатар қақпағын алады (17 сурет) және оқжатар корпусынан жөнелткіш пен жөнелткіш серіппесін шығарады.



17 сурет. Оқжатарды бөлшектеу.


Танашаны толық шашқаннан кейін қайта жинау тәртібі.

1. Оқжатарды жинау. Оқжатар ілгегінің шыңығқысы алға және үстінде болатындай етіп магазин корпусын сол қолмен ұстайды, оң қолмен жөнелткішті оқжатар корпусына салады. Сол қолдың бас бармағымен серіппені қысып, жөнелтуші серіппесін иілмеген ұшымен төмен оқжатар корпусына қояды (18 сурет), Қақпақ ойығына серіппенің имек ұшы секіріп кіретіндей етіп оң қолмен корпусстың имек қабырғасына қақпақты жылжытады.



18сурет. Оқжатарды жинау


2. Лақтырғышты бекітпеге жалғау. (19 сурет). Бекітпені столға қояды (отырғышқа), оң қолмен лақтырғыш қыспасының серіппесін бекітпе ұяшығына қояды (қыспа сыртқа қарайды).



19 сурет. Лақтырғышты бекітпемен жалғау

Лақтырғышты ілгекпен бекітпе ыдысының ойығына қояды, оны сол қолдың сұқ саусағымен ілмектен ұстапқыспақты шығыңқы ысқышымен ұяға батырады, бір уақытта лақтырғышты қыспаққа қысады және лақтырғыш табанының шығыңқысының үстіне қыспақтың басы орналасатындай бекітпе ұясына төмен түсіреді (ілгектің айналасын айналдыра).

3. Тоқпақ пен сақтандырғышты бекітпеге қосу. Бекітпе артқы ұшымен өзіңе қаратып сол қолмен аласың тоқпақты ысырма арнасына оның артқы бөлігінің қиығы сақтандырғышқа арналған ұяшыққа қарап бекітпе арнасына қояды. Оң қолдың бас бармағы мен сұқ саусағымен сақтандырғышты бекітпе ұяшығына қояды (20 сурет) және оның жалаушасын шегіне жеткенше бұрады.




20 сурет. Сақтандырғышты бекітпеге қосу.

4. Түсіру шүріппесін жиекке қосу. Жиекті сол қолмен ұстай тұрып, оң қолмен түсіру қапсырмасын тартып оны тапаншаны жартылай шашқандағыдай қисайтады; түсіру шүріппесінің басын жиек тірегінің терезесіне жиектің шетмойын ұяшығына шетмойыны кіретіндей етіп қояды; түсіру қапсырмасын өз орнына қояды.

5. Түсіру күшін взвод рычагымен жиекке жалғау. Жиекті сол қолмен ұстай тұрып және түсіру шүріппесінің ұшын артқа тартып, түсіру күшінің шетмойынын түсіру шүріппесінің саңлауына қояды және түсіру күшінің артқы ұшын сап негізінің артқы қабырғасына жібереді.


6. Шүріппені жиекке қосу. Сол қолмен сап негізінің жиегін ұстай тұрып түсіру шүріппесін алғы шекті жағдайға бұрып, оң қолмен шүріппені басымен алға еңкейтіп оның шетмойынын жиек шетмойын ұяшығына еңгізеді және шүріппенің ббасын артқа бұрады (21сурет).



21сурет. Шүріппені жиекке қосу.

7. Соққы серіппесін жиекке, сапқа және сап негізіне қосу. Сол қолдың алақанына тапаншаны қойып, түсіру шүріппесін алға бұрады, ал взвод рычагын жоғары бұрады, оң қолмен соққы серіппесінің қанатшасын жиек терезесіне бұрады және оған сап негізінің құйылмасына соққы серіппесінің кең жалпақ қанатшасы шүріппеге бойлай және взвод рычагының табанындағы жіңішке қанатша орналасатындай етіп серіппені кигізеді. Сап негізінің артқы қабырғасы өзіңе қарайтындай етіп тапаншаны бұрайсың, және сол қолдың бас бармағымен соққы серіппесін магазин ілгегінен ұстап тұрып и, сұқ саусақпен сап негізінің алдыңғы қабырғасын ұстайды, оң қолдың бас

бармағы мен сұқ саусағы арқылы соққы серіппесінің ысырмасын кигізеді (22 және 23 сурет).




22 сурет. Соққы серіппесін жиекке қосу.



23 сурет. Соққы серіппесін ысырмаға бекіту.

Соққы серіппесінің қойылуының дұрыстығын тексеру, ол үшін түсіру шүріппесінің ұшына бірнеше рет жеңіл ғана басу керек. Егер шүріппе артқа кетсе онда серіппелер дұрыс салынған. Сап негізіне сапты кигізіп бұрағашты шегіне дейін бұрайды, содан соң бұрағышты жартылай айналымға жібереді.

8. Ысырма кідірісі мен сыбырлақты жиекке қосу. Сол қолға жиекті ұстап тұрып оң қолмен жиек ойығына ысырма кідірткішін салады (24 сурет), сыбырлақты оң жақ шетмойын қасқалшасы алға кері айналып, жиек шетмойын ұяшығына алдымен сыбырлақтың сол жақ шетмойынын (серіппе тұратын) содан соң, сыбырлақтың оң жақ шетмойынын жиектегі шетмойын ұяшығына еңгізеді. Сыбырлақты артқа айналдырады. Ысқыш шығыңқысымен ысырма кідірткішіне сыбырлақтың серіппе ілгегін кигізеді.



24 сурет. Ысырма кідірткісі мен сыбырлақты жиекке қосу.

Ескерту. Ысырма жиекке қосылмаған кезде түсіру шүріппесінің ұшына басуға, шүріппені жоғары көтеріп басуға және шүріппені түсіруге тиым салынады.

9. 8 пунктті (жоғарыда көрсетілген) басшылыққа ала отырып әрмен қарай жинауды жалғастыру.

10. Тапаншаны жинаған соң оның механизмдері мен бөліктерінің дұрыс жиналған жұмыстарын тексеру. (тапаншаны жиналған күйінде тексеру).

2.2 Тапаншаны тазалау мен майлау

Тапнаша қашан да таза әрі жарамды күйде тұруы керек. Бұл тапаншаны өз уақытында дұрыс тазалап, майлап, оның сақталуына ұқыпты қаралуы керек. Тапаншаны тазалау мына жағдайда жүргізіледі:

- ұрыс кезінде, тәсілдер қолдану кезінде немесе ұзақ уақыт жаттығу алаңында болған кезде

- күн сайын ұрыс тынышталғанда немесе оқу-жаттығу арасындағы үзілісте;

- атыс жүргізілмеген жаттығудан, нарядттан және оқу-алаң жаттығуларынан соң- жаттығу, нарядттан және оқу-алаң жаттығулары аяқталғаннан соң бірден жүргізіледі;

- атудан кейін –ату аяқталғаннан кейін дереу түрде ұңғы арнасы мен оқшантайларын тазалап майлау қажет.

Тапаншаны біржола тиянақты тазалау жұмыстары ату жаттығуларынан қайтып келгеннен соң жүргізіледі. Келесі 3-4 күнде тапанашаны күн сайын тазалайды;

- егер тапанша қолданыста болмаса – 7 күнде бір рет.

Майлау жұмыстарын тапанша ылғалдың металлға әсерін тигізбес үшін, әбден тазаланып, құрғатылып сүртіліп біткеннен соң металл бөліктерінің бетіне жүргізіледі.

Тапаншамен қаруланған жауынгерлер мен сержанттар взвод командирінің басшылығымен тапанашаны тазалау және майлау жұмыстарын жүргізеді (батарея, рота старшиналары). Ол тапаншаны бөлшектеу деңгейін анықтайды, тазалауды сапасы мен дұрыстығын, майлау мен жинауға рұқсат береді, майлау мен жинау жұмыстарының дұрыс жүргізілуін тексереді. Офицерлер тапаншаны тазалау мен майлауды өз беттерімен жүргізеді.

Казармалық және лагерлік орналасу барысында тапаншаны тазалау арнайы осы мақсатқа жабдықталған жерлерде, столдарда жүргізілсе, соғыс кезінде немесе жаяу жүру жағдайларында шаң мен топырақтан тазартылған жерлерде төсеніш, фанер немесе тақтай үстінде жүргізіледі.

Тапаншаны тазалап майлау үшін мыналар қолданылады:

- сұйық қару майлағыш – ауа температурасы $+5^{\circ}\text{C}$ тен 50°C дейінгі аралықта тапанша мен оның бөліктері мен механизмдерін тазалап, майлау үшін;

- қару майлағыш – ұңғы арнасын, тапаншаның бөліктері мен механизмдерін тазалап болғаннан соң майлауға арналған, бұл майлағыш $+5^{\circ}\text{C}$ және одан жоғары ауа температурасында қолданылады;

- ҰТЕ ерітіндісі (ұңғы тазалау ерітіндісі) – тапаншаның окдәрі газдарымен әрекеттесетін ұңғы арналары мен өзге де бөліктерін тазалауға арналған;

- шүберек пен KB-22 қағазы – тапаншаны ысқылау, майлау және тазалауға арналған;

- (қысқа кендір түкті шүберек), діңшесінен тазартылған кендір – тек ұңғы арнасын тазалауға арналған.

Саңылау мен ойықтарды, шұңғылдарды тазалауға ыңғайлы болу үшін ағаш таяқшаларды қолдануға рұқсат етіледі.

Тапаншаны ҰТЕ ерітіндісімен тазалау казармада немесе ату орнында ату жүргізіліп біткеннен соң ғана жүргізіледі. Егер атудан кейін тапанша қару майлайтын сұйықтықпен тазаланған болса, онда, атудан оралған соң оны ҰТЕ ерітіндісімен тазалау керек. Ашық алаңқай жағдайында тапаншаны тазалау тек қана қару майлайтын сұйықтықпен ғана тазаланады.

Ескерту. ҰТЕ ерітінісі құрылымдық бөліністерде келесідей құрамда даярланады: ішуге жарамды су – 1 л; көмір қышқыл аммоний – 200 г; екі хром қышқылды калий (хромпик) – 3,5г. ерітінді бір тәулікте қару тазалауға қанша мөлшерде қажет болса сол мөлшерде дайындалады. ҰТЕ ерітіндісінің азғантай мөлшері қараңы орында, қыздыру құралдарынан алыс жерлерде, тығынмен тығындалып жабылған бөткелерде 7 тәулік мерзімде сақтауға рұқсат етіледі. Май құйғыш ыдыстарға ҰТЕ ерітіндісін құюға тиым салынады.

Тапаншаны тазалау келесі тәртіпте жүргізіледі:

1. ысқылайтын және майлайтын материалдарды дайындау;

2. қажет құралдарды қарап шығу (ысқышты, кабураны және тапанша бауын қарап-тексеру), оларды тазалау барысында қолдануға дайындау;

3. тапаншаны шашу (жартылай шашу);

4. Ұңғы арнасын тазалау. Саңылау арқылы ысқышты немесе шүберекті кигізу. Шүберек қабатының қалыңдығы қол күші арқылы ұңғы арнасында ысқыш пен шүберек жүретіндей болуы керек. Шүберекті қаруға арналған сұйық ерітіндіге малып, сіндіріп алу керек. Ысқышты ұңғы арнасына қарудың оқ шығатын бөлігінен еңгізу керек. тапанша тұтқасын столға қойып сол қолмен ұтай отырып ұңғы арнасының бойымен алдымен шүберек ысқышты, сосын, құрғақ кендір матамен жәйлап ысқылау керек. Ысқылаған шүберекті қарау керек, егер ода ыстың немесе таттың іздері білінсе онда ұңғы арнасын қайтадан шүберекпен ысқылап, жоғарыда айтылған барлық әрекеттерді әбден тазаланғанша қайта қайталап шығу керек. Осы әдіспен оқшантайды да тазалау шығады. Оқпантайды тек ұңғы бөлігінен оқшантай томпағына

тіреліп тұрған тұсынан бастап ысқыш пен шүберекті (кендір матаны) бұрай кіргізіп отырып тазалау керек.

ҰТЕ ерітіндісімен тазалау да қаруды майлауға арналған сұйық майлауыш сияқты осы тәртіппен жүргізіледі де ыс пен таттан толық тазарғанша жалғасады. Ерітіндіге малынған ысқыш немесе шүберек ұңғы арнасынан ыс пен таттан таза шыққанша тазаланады. Бұдан соң ұңғы арнасын құрғақ шүберекпен немесе кендірмен сүртеді. Бұдан кейін ұңғы арнасын құрғақ шүберекпен және кендірмен жақсылыап сүртіп шығу керек. Келесі күні тазалау нәтижесін тағы бір рет тексеру шығу керек, егер ұңғы арнасын сүрту кезінде шүберекке ыс не тат жұғып шығатын болса онда, көрсетілген тәтіппен қайтадан тазалап, сүртіп шығу керек. Ұңғы арнасының қысқа жағын тазалап біткен соң оқшантайды да осы тәртіппен тазалау керек. Ұңғы арнасы мен оқшантайды жарыққа қаратып мұқият тағы бір қарап шығу керек. Әсіресе оқшантай мен ойық бұрылыстарын қарауға аса мән беру керек, өйткені ол жерлерде ыс пен тот қалмауы керек.

5. Тапанша жиегін сабымен және түсіру қапсырмасымен қоса тазалау. Шүпірекпен бөлшектерді толықтай кір мен ылғал қалдырмай ысып, құрғатып сүртіп шығады. Қаруды майлауға арналған сұйықтық сіңірілген шүберек пен кендірмен ысқылау арқылы татты кетіру керек.

6. Бекітпені, қайтрмалы серіппесін, ысырма ұстаушыны және соққы-ағытқыш механизмдерін тазалау. Егер тапаншаны тазалау атыстан кейін орын алса онда, ысырма ыдысшасын таты толық кетенше қару майлайтын сұйықтықпен немесе ҰТЕ сіңдірілген шүберек пен кендір арқылы тазалайды. Қаруды тазалаған соң оны әбден

құрғағанша сүрту керек. Егер тапаншадан оқ атылмаса, ысырма ыдысшасында тат пен ыс болмаса, онда оны құрғақ шүберекпен сүртіледі.

Қалған металл бөліктері мен механизмдерін ағаш таяқшаның көмегімен кірі мен ылғалы толығымен кеткенінше шүберекпен құрғата сүртіледі. Ысырма, ысырма қапсырмасы мен соғып-түсіру механизмдерінің бөліктері нарядт пен атусыз өткізілген жаттығулардан соң жинаққы түрде ал атыстан соң қатты ластанған немесе су тиген тапаншаларды бөлшектеген күйде тазалайды:

7. Сапты құрғақ шүберекпен немесе кендірмен ысқылау;

8. Оқжатарды тазалау. Наряд пен сабақтан соң магазинді тазалау жинақталған түрде жүргізіледі, қатты ластанған немесе су тиген тапаншаларды бөлшектеген күйде тазалайды:

Наряд пен сабақтан соң оқжатарды құрғақ шүберекпен ылғал мен кір толық кеткенге дейін ысқылап сүртеді. Атыс жүргізіліп біткен соң оқ берушінің ысын қару майлайтын сұйықтықпен немесе ҰТЕ сіндірілген шүберекпен тазалайды. Тазалап біткеннен соң оқ берушіні құрғағанға дейін сүртеді. Тазалап біткеннен соң оқ берушіні құрғағанға дейін сүртеді.

9. Кабураны құрғақ ескі матаменішкі және сыртқы жағынан ылғал мен кірі кеткенше ысқылап сүртеді.

10. Ысқышты құрғатып сүрту.

Тапаншаны майлауды келесі тәртіппен жүргізу:

1. Ұңғы арнасын майлау. Ойық арқылы ысқылайтын шүперекпен тазаланады. Майлауышты шүпірекке сіндіріп аласыды. Қарудың ауыз жағы арқылы ұңғы арнасына ықылаушы шүпіректі еңгізіп, оны екі үш рет жайлап ұңғы арнасының аумағын және шолақ жерлерін жұқалай тегіс

жағатындай етіп ысқылау жүргізіледі. Оқшантайды оқсалғыш бөлігінен бастап, шүберек ысқыламаны бұрай отырып майлайды;

2. Тапаншаның өзге де металл бөліктері мен механизмдерін майлау. Үстіңгі жағын майға малынған шүберектің көмегімен майлайды. Арналарды, ұяшықтар мен ойықтарды майлау үшін ағаш таяқшаға оралған, майланған шүберекті қолданады. Майды жұқа әрі тегіс қып жағады. Тапанша бөлшектерінің қатты майланған жерлері кірлеп, қарудың жұмыс жасауын тежейді. Қорамсаны майламайды, тек құрғақ шүперекпен жақсылап сүртіп, кептіреді;

3. Ысқышты майлау;

4. Тапаншаны майлап біткеннен соң жинайды, тапанша механизмі мен оның бөліктерінің жұмыстарын және дұрыс жиналуын қарап тексеру. Аяздан жылы жерге алып кірген тапанша «буланады», сол себепті оны әзірше майлауға болмайды, су тамшылары пайда болғанда, ылғалдың кебуін күтпей-ақ тапанша бөліктері мен механизмдерін құрғақ қып кептіріп, майлайды.


Ұзақ уақытқа сақтауға берілген тапанша мұқият тазалануы тиіс, ұңғы арнасы мен соғып түсіру механизмі қаруды майлауға арналған сұйық маймен майланып, бір қабат ингибитирлі қағазға сосын, екі қабат парафинді қағазбен оралады және қағаз қорапқа салынады.

Тапанша механизмі мен бөліктерін майлау сыртқы ауа температурасының көрсеткіші $+5^{\circ}\text{C}$ болған кезде жүргізіледі және ауа температурасы бұл нормадан төмен көрсеткішке ие болған жағдайда қаруды майлау тек сұйық қару майлауышпен ғана жүргізілуі тиіс.

3. ТАПАНШАНЫҢ БӨЛІКТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, ОҚТАРЫ МЕН МЕХАНИЗІМІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАҒЫТТАЛУЫ

3.1 Тапаншаның бөліктерінің құрылымы мен механизмдерінің бағытталуы

Қаңқа мен ұңғы және ағытқыш доға (25 сурет).



25 сурет. Қаңқа мен ұңғы және ағытқыш доға: а – сол жағы; б – оң жағы; 1 – сап негізі; 2 – ұңғы; 3 – ұңғы бекітуге арналған баған; 4 – түсіру шүріппесін орналастыруға арналған терезе мен түсіру қапсырмасының жалшасы; 5 – түсіру шүріппесі шетмойнына арналған шетмойын ұяшығы; 6 – түсіру күшінің алдыңғы шетмойыны қозғалысы мен орналасуына арналған қиғаш саңылауи; 7 – сыбырлауық пен шүріппе шетмойынына арналған шетмойын ұяшығы; 8 – ысырма қозғалысы бағытына арналған саңылаулар; 9 – соққы серіппесі қанатшасына арналған терезе; 10 – ысырма кідірісіне арналған ойық;

11 – ысырма көмегімен соққы серіппесі мен бұрауыш көмегімен сапты бекітуге арналған бұрандалы ойықты үдеткіш (прилив); 12 – магазин секіртпесіне арналған ойық; 13 – түсіру қапсырмасына арналған ұяшықты үдеткіш; 14 – ату терезелері; 15 – түсіру қапсырмасы; 16 – ысырманың артқа қозғалуын шектеуге арналған жалша; 17 – магазиннің жоғарғы бөлігіне шығуға арналған терезе

Ұңғы – оқтың ұшу бағытына қызмет етеді. Ұңғы ішінде солдан жоғары оңға қарай бұралған төрт ойық арнасы бар. Ойықтар оқтың айналмалы қозғалысын хабарлау қызметін атқарады. Ойықтар арасындағы бос орындар өрістер деп аталады. Екі қарама-қарсы өрістер (диаметрі бойынша) арасындағы қашықтық ұңғы каналының калибрімен анықталады; ол 9 мм-ге тең. Ұңғының қазыналық арнасының бөлігінен тегіс және диаметрі үлкен; ол оқты орналастыруға қызмететеді және оқшантай деп аталады. Оқшантайда кертпеш болады. Ұңғының қазыналық бөлігінде ұңғыны бекітуге арналған жақтау тіректері және тесік бар. Оқшантайдың төменгі бөлігі мен құйылуында магазиннен оқшантайға бағыттау үшін көлбеу бар.

Ұңғы жиекпен тығыздалған қондырғымен жалғанады және түйреуішпен (штифт) бекітіледі.

Жақтау тапаншаның барлық бөліктерін біріктіру қызметін атқарады. Тұтқа негізінде жақтау бір тұтатас болады, алдыңғы жағында жақтау бар: жоғары жағында ұңғыны бекітуге арналған треу бар, төменгі жағында ағытқыш ілмек және қапсырма тартпасын орналастыру үшін терезе бар. Бұл терезенің жақтау қабырғаларында – арналған түйреуіш ілмектерге арналған түйреуіш ұяшықтары бар. Тіреуіш жиектерінде мыналар бар: жоғары бөлігінде – тұтқа бекітілетін тесік; төменгі бөлігінде-түйреуіш ілмектің басын орналастыру үшін терезе; оң

жақта – алдыңғы істікшесін орнатуға және жылжытуға арналған қисық ойық бар.


Артқы жақтау бөлігінде: жоғары жағында – ысырманың қозғалысы мен бағытына арналған ойық (сыбырлауық шетмойынында, шүріппе шетмойыны үшін оң жақ шетмойын ұяшығында ойық болады) шүріппе шетмойыны мен сыбырлаққа арналған шетмойын ұяшығының дөңесі; төменде – ату серіппесінің қанатшасына арналған терезе, ортанғы бөлігінде магазиннің жоғары бөлігіне шығатын терезе бар, терезе сол жақ қабырғасында ысырма іркілісіне арналған ойық бар.

Ескерту: Кей тапаншаларда салмағын жеңілдету үшін жиекке саңлау ойылған.

Қарудың негізгі сабы: тұтқаны бекітуге, ату серіппесі мен оқжатарды орналастыруға арналған қызметтер атқарады. Онда тапаншаның салмағын азайтатын жақтау терезесі болмайды (оң және сол); төменгі терезе оқжатар орнатуға арналған; артқы қабырғада бекітуге арналған бұрандалы тесігі бар толқын жауынгерлік бұранданың көмегімен клапан мен тұтқаны қолданатын серіппелер; төменгі жағында оқжатарды бекіту үшін: алдыңғы қабырғада – остің көмегімен жақтауға түсіру қапсырмасын бекітуге арналған ұяшықты толқын бар.

Түсіру қапсырмасы – түсіру қапсырмасының байқаусыз басылып кетуінен сақтандыруға арналған қызметтерді атқарады. Ысырманың артқа қозғалысын шектеу үшін жалшаның (толқынның) алдыңғы ұшына орналасқан. Түсіру қапсырмасы тұтқа негізінің алдыңғы қабырғасындағы ұяшықта орналасқан, жоғары жағдайда серіппемен ұтатылады.

Бекітпе (26 сурет) шүріппені ату взводуна қоюға және гильзаны ұстауға (оқты шығаруға), ұңғы арнасын құлыптауға, магазиннен оқты оқпанға беруге арналған қызметтерді атқарады.



26 сурет. Бекітпе: а – сол жак; б – төменнен көрніс; 1 – окпан; 2 – нысан; 3 – атылған гильзаны сыртқа лақтыру ойығы немесе терезе (патрона); 4 – сақтандырғышқа арналған ұяшық; 5 – ойық; 6 – қайтрмалы серіппе мен ұңғыны орналастыруға арналған арна; 7 – жиекпен ысырма қозғалысын бағыттауға арналған бойлық шығыңқысы; 8 – бекітпе кедергісіне қоюға арналған тісше; 9 – шағылыстырғышқа арналған саңылау; 10 – рычаг взводын сыбырлауықтан ажыратуға арналған ойық; 11 – взвод рычагынан сыбырлауықты ажыратуға арналған ойық; 12 – жөнелтуші; 13 – сыбырлақпен взвод рычагын ажыратуға арналған шығыңқы.

Бекітпе сырттай: көздеуге арналған нысана; көздеу үшін көлденең ойық, көздеуге арналған ойық пен көздеу барысында ысырма үстін толығымен жарықтандыруды болдырмас үшін терезенің оң жағында атылған гильзаларды (оқтарды) лақтыру үшін шығарғышқа арналған ойық , лақтыру серіппесі бар ұяшық, сол жак шетте- сақтандырғышқа арналған ұяшық пен сақтандырғышты ұстауға арналған екі ойық: жоғарғысы- «сақтаудың» жалауша жағдайына арналған, төменгісі «ат»

жалаушасының жағдайы үшін, жоғары ойықтың жанында «ат» жағдайына жалауша қою барысында қызыл дөңгелек ашылады және сақтандырғышты қосу барысында жалаушамен жабылады, екі жақтан да ысырманың артқы жағындағы қолман сырғытуды жеңілдету үшін шүріппеге өтуге арналған ойық бар.

Бекітпе ішінде мыналар бар: қайтарма серіппесімен ұңғыны орналастыруға арналған арналары, ернеу жиек бойымен сырғытпа қозғалысына арналған бойлық дөңес, жалша, ысырма кедергісін орнатуға арналған тіше, шағылысуға арналған ойық, рычагдың ағыту кертпесіне арналған ойық, гильзаның түбін орналастыруға арналған тостақ, патронды (оқты) ұңғыға (оқпанға) жіберуге арналған шетпе, шүріппені басқан кезде ілінісу рычагының ағыту жиегін орналастыруға арналған ойық, сырма жалшасының оң жағында ойықша болады, ол ысырма ысырма кідірісінен босатылған кезде рычагынан тітіркенуді ажыратуға арналған, соққыш орналастыруға арналған арна.

Соққыш (27 сурет) капсуланы талқандау қызметін атқарады. Онда: алдыңғы жағында - шаппа, артқы бөлігінде – ысырма арнасында соққыны ұстап тұратын сақтандырғышқа арналған қиық болады.


Үстіңгі бетінің үйкелісін азайту мақсатында соққыш үш жақты жасалады.



27 сурет. Соққыш: 1 – тоқпақ; 2 – сақтандырғышқа арналған кесік

Лақтырғыш (28 сурет) шағылысумен кездескенге дейінгі оқты (гильзаны) ұстау қызметін атқарады. Оның тартпа тостағында оқты (гильзаны) сақиналы арнаға секіртетін және ұстайтын ілгегі бар, серпе шүйдесінің артқы бөлігінде езгі басын орналастыру үшін кертпеш жасалған.

Лақтырғыштың артқы бөлігінде лақтырғышты ысырмадан бөлу кезінде ұяшықты ысқыш шығыңқысымен батыруға ыңғайлы болуға арналған ойық болады.




28 сурет. Лақтырғыш:

1 – ілгек; 2 – ысырмамен біріктіруге арналған табандық 3 – ұяшық; 4 – лақтырғыш серіппесі

Қыспақ бас бөлігі қалың. Лақтыру серіппесінің алдыңғы ұшы қалыңдатылған бөлікке тіреліп, қыспақтың артқы бөлігіне орнатылады (диаметрі кішірек). Лақтырғыш серіппелері бар қыспақтар қақпадағы ұяшыққа еңгізіледі. Астыңғы серіппенің әсерінен лақтырушы ілмек үнемі ысырма ұяшығына қарай қисайып тұрады.

Сақтандырғыш (29 сурет) тапаншамен жұмыс істеу барысындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Онда: «ату» жағдайынан «сақтандыру» жағдайына және кері жағдайға ауыстыруға арналған жалауша; берілген жағдайда

сақтандырғышты ұстауға арналған фиксатор; ось, шүріппені босату үшін сақтандырғышты ату взводиынан «қауіпсіздік» жағдайына ауыстыру барысында онда сыбырлақ пен босатуды бұру үшін сөресі бар жиек жасалады; сақтандырғышты «қауіпсіздік» жағдайында қою барысында ысырманы жақтаумен құлыптау үшін қабырға; шүріппе соққысын «қауіпсіздік» жағдайына бекітуге (құлыптауға) арналған ілмек; сақтандырғышты қосу барысында шүріппе соққысын қабылдауға арналған томпақ (дөңес).



29 сурет. Сақтандырғыш:

1 – сақтандырғыш жалаушасы; 2 – бекіткіш;
3 – шығыңқы; 4 – қабырға; 5 – ілгек; 6 – шығыңқы

Сақтандырғыш шүріппе ұяшығына орнатылады.

Көздеуіш пен нысанаға алушы екеуі көздеу қызметіне арналған. Ол өзінің негізінде сырғытпаның көлденең ойығында орнатылады.


Қайтармалы серіппе (30 сурет) тапанша атылған соң бекітпе бастапқы жағдайына оралу қызметін атқарады. Серіппенің бір ұшының соңғы бұрылысы өзге бұрылыстармен салыстырғанда кішірек диаметрге ие.

Жинақтау барысында осы бұрылыспен серіппе ұңғыға киіледі. Тапаншаны шашқан кезде тұтқада сенімді ұсап тұруды қамтамасыз етуге арналған. Ұңғыға кигізілген серіппе бекітпе арнасына орналастырылады




30 сурет. Қайтармалы серіппе

Шүріппе (32 сурет) соққыға екпін беру қызметін атқарады. Онда: жоғарыда – шүріппені қолмен қайтаруға арналған кертікті басы; алдыңғы жазықтықта – ату взводынан шығару кезіндегі шүріппенің еркін жүруін қамтамасыз етуге арналған ойық; сақтандырғышты ұстап қалу ойығы; шүріппе негіздеріне – екі кертпеш, жоғары-сақтандырғыш қайырмасы, төменгі – ұрыс қайырмасы; шүріппе айналатын шетмойын жақтауларының ұяшықтары, салмақты азайтуға арналған доғал тәрізді сырғыма; оң жақта – шүріппені рычаг қайырмасына еңгізу үшін шаппа (взвод) арналған тісше; сол жақта – шүріппені сақтандырғышқа салуға арналған ойық; төменде соққы серіппесінің жалпақ қанатшасына арналған шұңқырша, оң жақта-төменгі бөлігінде шүріппе негіздері – шаппа иінтірегіннің табанын орналастыруға арналған шеңберлі шаппа ойығы.




31 сурет. Соққы-ағытқыш механизмінің бөліктері:
1 – шүріппе; 2 – серіппелі сыбырлақ; 3 – взвод рычагимен түсіру күші; 4 – соққы серіппесі; 5 – түсіру шүріппесі; 6 – соққы серіппесін жылжитқыш



32 сурет. Шүріппе: а – сол жағы; б – оң жағы;
1 – ойықты бас; 2 – кесік; 3 – саңылау; 4 – сақтандырғыш взвод; 5 – соққы взвод; 6 – шетмойын; 7 – өзіндік взвод тісі; 8 – шығыңқы; 9 – шұңғырша; 10 – сақиналық ойық.

Шүріппе шетмойыны жиектен шүріппені оңай ажыратуға арналған қасқалдары (лыски) бар

Сыбырлақ (33 сурет) шүріппені атыс қайырмасында ұстау қызметіне. Оның құрамы: шүріппе керпішімен ілінісуге арналған тұмсықша; шетмойын жиек ұяшықтарында сыбырлақ (шептало) айналатын шетмойын (цапфы). Сол жағында – сақтандырғышты «сақтандыру» жағдайына қою барысындағы сақтандырғыш кертпесі (уступ) сыбырлағын көтеруге арналған тісше; оң жақта-шүріппені түсіру кезінде қайырма рычагына әсері ететін кертпе.



33 сурет. Сыбырлақ:


1 – сыбырлақ шетмойыны; 2 – тііс; 3 – шығыңқы;
4 – сыбырлақ тұмсығы; 5 – сыбырлақ серіппесі;
6 – сыбырлақ тіреуіші

Сыбырлақтың сол жақ шетмойында серіппе кигізілген сыбырлақ серіппесін сыбырлақпен жалғасқан жері ажыратылатын болып жасалған- серіппенің ұшы

сыбырлақ тіреуіндегі арнайы ойыққа кіреді енгізілген. Серіппенің бос ұшы ілмек тәрізді иілген, ысырма ұстағышын жалғауға арналған. Серіппе сыбырлақ тұмсығын шүріппеге қысады. Сыбырлақ шетмойынында қасқалдар бар, олар жиектен сыбырлақтың еркін ажыратылуына арналған.

Түсіру күші шетмойынның түбінде болады.

Алдыңғы шетмойын түсіру шүріппесімен жалғанады, ал артқысы қайырма рычагымен жалғанады. Түсіру күші (34 сурет) қайырма рычагымен бірге шүріппені ату қайырмасынан түсіруге және түсіру шүріппесінің ұшын басу барысында шүріппені соғуға арналған қызметтер атқарады.



34 сурет. Рычаг взводами түсіру күші:


1 – түсіру күші; 2 – рычаг взвода; 3 – түсіру күшінің шетмойыны; 4 – Шаппа тұтқасы бар рычаг, 5 – ойық, 6 – өзіндік вызвод шығыңқысы;

7 – шаппа рычагының табаны (өкшесі);
7 – самовывозд шығыңқысы

Қайырма рычагы: шығыңқы ажыратушы жиек, ысырманың артқа қозғалысы барысында сыбырлақтан ажырайды; сыбырлақ дөңесіне арналған ойық; шүріппе ұшын басқан кезде шүріппені тартатын шаппа ілмек томпағы; соққы серіппесінің жұқа қалақшасы тірелетін

табандығы. Шаппаның иінтірек табандығы (өкшесі) шүріппенің сақиналы ойығында орналасады.


Түсіру шүріппесі (35 сурет) шүріппені атыс шаппасынан түсіріп, ату барысында ілмекті өздігінен атуға енгізеді. Оның құрамына: жиектің шетмойын ұяшығында орналасатын шетмойын; түсіру күшімен ұшын (құйрықшасын) жалғайтын саңылауболады.



35 сурет. Ағытқыш ілмек: 1 – шетмойын; 2 – саңылау; 3 – ұшы (құйрықша)

Ағытқыш ілмектің басы жиек тірегінің терезесіне (көзшесіне) салынады.

Соққы серіппесі (36 сурет) шүріппенің, шаппа рычагы мен түсіру күшінің қызметін жүргізуге арналған. Оның құрамы: шаппа рычагы мен түсіру күшіне әсер етуге арналған тар қанатша (узкое перо); тесіктің орта бөлігінде тұтқа негізіне бұрама ойыққа серіппені кигізуге арналған ойық бар.




36 сурет. Соққы серіппесі:

1 – жалпақ қанатша; 2 – жіңішке қанатша;
3 – ажыратқыш ұшы; 4 – саңылау; 5 – ілгек

Соққы серіппесінің төменгі бөлігі магазин (оқшантай) бекітпесі болады. Соққы серіппесінің жалпақ қанатшасының ұшы иілген, ол шүріппенінің «үзілісін» қамтамасыз етуге арналған яғни түсіру жағдайына еңгізіп, шүріппені сақтандыру шаппасына қоюға арналған. Соққы серіппесі тұтқа бекітпесінің негізіне бекітіледі

Бұрандалы сап (37 сурет) тұтқа негізінің артқы қабырғасын және жақтауын жасырады және тапаншаны қолға ұстауға ыңғайлы ету қызметін атқарады. Ол: сап негізіне қатайтатын бұрандаға арналған ойықтан; тапанша бауын бекітуге арналған антабкадан; тұтқа негізінде тұтқаның еркін қозғалысына арналған саңылаудан; артқы қабырғасында – оқжатарды бекітетін ойықтан тұрады.

Бұрамаға арналған тесікте металл втулка орналасқан, ол еркін бұралудан винт (бұрама) басын тоқтатуға арналған. Тапаншаның сабы пластмассадан жасалған.




37 сурет. Бұрандалы сап:

1 – антабка; 2 – ойық; 3 –саңылау; 4 – бұрама

Сап бұрамасы сап негізіне ысырма мен сапты бекіту қызметіне арналған. Онда басы мен бұралып шаратын бөліктерден тұрады.

Бекітпе кедергісі (38 сурет) мазгазиннен оқтың түгел жұмсалуды жөнінде артқы ағдайда бекітпені ұстап тұрады.




38 сурет. Бекітпе кедергісі:

1 – томпақ; 2 – кертікті түйме; 3 – саңылау;
4 –шағырландырғыш

Онда: алдыңғы бөлігінде- артқы жағдайда бекітпені ұстауға арналған томпақ (шошак); қолмен басу арқылы бекітпені босатуға арналған кертікті түйме; артқы бөлігінде сыбырлақтың сол жақ шетмойынына жалғауға арналған саңылау; үстіңгі бөлігінде –бекітпедегі терезе арқылы оқтардың (гильзаның) сыртқа көрінуіне арналған шағылдандырғыш бар.

Оң бөліктен бекітпені кідірту жиектің сол жақ қабырғасындағы жырыққа қойылады

Оқжатар (39 сурет) сегіз оқты сыйдыруға арналған. Ол корпуста (қаңқа), жөнелткіштен, яғни жөнелту серіппесі мен қақпақтан тұрады.




39 сурет. Магазин:

1 – магазин корпусы (қаңқасы); 2 – жөнелтуші;
3 –жөнелтуші серіппесі; 4 – магазин қақпақшасы

Магазин корпусы (қаңқасы) (40 сурет) магазиннің барлық бөлімін біріктіреді. Корпустың қабырға жақтауының үстіңгі жағы ішке иілген, олберушіде патрондарды ұстап тұруға арналған, сондай-ақ бекітпенің


оқ салғышына оқ беру кезінде оқтарды бағыттауға арналған. Оның құрамы: жақтау қабырғаларында магазиннің салмағын азайтуға және магазиндегі оқ санын анықтауға арналған; астынан — магазин қақпасына арналған иілген қабырғалары, магазин ысырмасына арналған томпақ, магазиннің сол жақ қақпағының еркін өтуіне арналған ойық, беру тісінің өтуіне арналған науашық (желоб).



40 сурет. Магазин корпусы (қаңқасы):

1 – 1 – терезесі; 2 – имек қабырғасы; 3 – шығыңқы;
4 – ойық; 5 – науашық

Магазин тапанша сабының негізіне төменгі терезе арқылы орнатылады. жөнелткіш (41 сурет) оқтарды беруге арналған. Оның қимылын магазин корпусына бағыттайтын екі жазық ұшы болады. Жөнелткіш жазық ұшының сол жағында магазиннен барлық оқтардың шығындалуы бойынша бекітпені кідіртуді қосуға арналған тісі болады.




41 сурет. Жөнелткіш: 1 –имек ұшы; 2 – тісі

Жөнелту серіппесі (42 сурет) тапаншаан оқ ату барысында жоғарыға беруші арқылы оқты жіберіп отыру қызметін атқарады. Серіппенің аяққы бөлігі магазин қақпағын жабу үшін жазылады.



42 сурет. Жөнелтуші серіппесі

Магазин қақпағы (43 сурет) беруші серіппенің ұшында жазылуға арналған саңылау бар, ол магазин корпусының имек қабырғасына кигізіледі.




43 сурет. Магазин қақағы: 1 – саңылау; 2 – ойықтар 36

3.2 Тапанша заттарының құрамы және оның бағыттары

Тапанша құралдарына мыналар кіреді: кобура, сүрткіш, қосалқы магазин, тапанша бауы.

Кобура тапаншаның магазині мен сүрткіш салуға және алып жүруге арналған. Кобура корпустан, қақпақтан, қосалқы магазин салатын қалтадан, алдыңғы және артқа тағатын ілмек, бекіткіш, сүрткішке арналған ілмек және ішкі қосымша баудан тұрады.

Сүрткіш тапаншаны бұзу, жинау, тазалау және майлауда қолданылады. Сүрткіште: бір ұшында – шығарғышты бөлу барысындағы батыру ұяшығына арналған, сыбырлақ серіппесінің ілмегін қоюға және алуға арналған шығыңқы (томпақ); ілмек және шүберек салуға арналған ойық; екіншісінде тазалау барысында ұстап сүртуге арналған түйреуіш. Тапаншаны жинау мен шашу барысында шеңбер буынында бұранданы бұрағанда және бұрауға арналған жүз бар.



44 сурет. Тапаншаның заттары: а – кобура: 1 – корпус, 2 – қаппақ, 3 – қосалқы магазинге арналған қалта, 4 – алдыға тағып жүретін бау, 5 – артқа тағып жүретін бау, 6 – бекіткіш (түймелеу), 7 – ысқышқа арналған бау, 8 – қосымша ішкі ау; б – оқ салқы магазин; в – ысқыш: 1 – жүз, 2 – ысқыш ойығы, 3 – шығыңқы; г – тапанша бауы: 1 – белдік, 2 – карабин, 3 – жіп


Тапанша белдігі белдегі белбеуге тапаншаны бекітілуін қамтамасыз етеді. Ол белдіктен, карабиннен және белдегі белдікке арналған жіптен тұрады.

3.3 Оқ құрылымы

9-мм тапанша оғы (44 сурет) гильзадан, капсюлядан, оқтың оқдәрі зарядынан тұрады.

Гильза оқтың барлық бөлігін құрайтын және оқдәрі зарядын орналастыруға арналған қызметтер атқарады; ату барысында ұңғы арнасынан оқшантай арқылы газдың жарылуының ескертеді. Гильза түбінде мыналар бар: капсюльға арналған ұяшық; капсюль сындыруға арналған соққы, капсюльдың соққы құрамынан оқдәрі зарядына от

түсетін екі түтік саңылау. Гильзаның түбінің сыртында лақтыру ілгегіне арналған бунақ бар.



44сурет. 9 мм тапанша оғы мен оның құрылымының жалпы көрнісі: 1 – гильза; 2 – капсюль; 3 – оқдәрі заряды; 4 – оқ; 5 – биметаллды жабынды; 6 – болат өзекше; 7 – мырыш көйлекше

Заряд түтінсіз пирогсилинді оқдәріден тұрады.

Капсюль оқдәрі зарядын тұтандыруға арналған міндеттерді атқарады. Оның соққы құрамын жабатын, соққы құрамымен жаншылған және фольга шеңберлі жезден қалпағы болады. Соққы барысында соққы құрамы тез тұтанады.

Оқ құрышты өзек сығылыстырылған биметаллды (жалатылған) қаптамадан тұрады. Оқ пен құрышты өзек арасында қорғасын көйлекше бар.

Тапаншаны оқтауға арналған патрондар тапанша магазиніне 8 дана сияды. Магазинге оқтары салу оқтарды магазинге бір-бірлеп қолмен салып және тығыздау арқылы жүргізіледі. Оқтар, штаттық оқ салатын ағаш жәшіктің әр қайсына 2560 данадан салынып, беті жабылады. Әр жәшікте әр қайсында 16 оқ бар картон орамада салынған,

екіден оралған және мөрленген мырыш темір қорабшалар болады. Бір темір жәшікке 80 картон орма сияды.

Ағаш жәшіктердің қабырғаларында осы жәшікке салынған оқтардың патрон номенклатурасы көрсетілген жазбалар болады: патрон партияларының нөмірі, оқ пен оқ дәрілердің дайындалған айы мен жылы, дайындаушы зауыттың мекен-жайы, маркасы мен оқдәрі партиясы, жәшіктегі оқтардың саны. Оқтар салынған жәшіктің бір жәшіктің массасы 33 кг болады.

4. ТАПАНША БӨЛІКТЕРІ МЕН МЕХАНИЗМДЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ

4.1 Тапаншаның оқталғанға дейінгі бөліктері мен механизмдерінің жағдайы

Тапаншаның оқталуға дейінгі механизмі мен бөліктері келесі тәртіппен жүреді.

Ысырма қайтару серіппесі ықпалымен-шекті алдыңғы жағдайға; ысырма ыдысшасы ұңғының оқпан бөлігіне тіреледі, нәтижесінде ұңғы еркін ысырмамен бекітіледі. Ысырманың көлденең шығыңқылары жиектің артқы бөлігінде болатын ойыққа кіреді. Ысырма жиекпен бірге сақтандырғыш қабырғасымен жабылады.

Шүріппе соққы серіппесінің жалпақ қанатшасы ықпалымен түседі және сақтандырғыш шығыңқысының алдыңғы жалпақшасына алдыға жылжи алмайтындай етіп тіреледі.

Сыбырлақ сақтандырғыш осіндегі шығыңқы таяқшасымен жоғары көтеріледі және бұл жағдайда шүріппе взводиының сақтандырғышы мен сыбырлақ тұмсығының арасында кішкене алшақтық болады.

Взвод рычагы мен взвод рычагы соққы серіппесінің жіңішке қанатшасы ықпалымен артқы шекті жағдайға апарылады; взвод рычагы жиекке батырылған және оның

өзіндік взвод шығыңқысы шүріппе өзіндік взводына тістері арқылы түсіру шүріппесінің ұшына басқан кезде шүріппе атылмайтындай қапсырылып қалады, бірақ артқа қарай біршама еркін жүре алады.

Магазин сап негізіне қойылған. Жөнелткіш жоғарыда тұрады және ысырма жалшасына тіреледі. Жөнелткіш тісі ысырма кідірткішін басады.

Сақтандырғыш жалаушасы «сақтандырғыш» тәсілінде тұрады. Сонымен қатар сақтандырғыш шығыңқысы төмен түсіріліп шүріппенің алдыңғы жалпақшасымен түйіседі; сақтандырғыш осіндегі шығыңқы сөресі сыбырлақ тісіне ықпал ете отырып сыбырлақты жоғары көтереді және оны осы жағдайда ұстап тұрады; сақтандырғыш ілгегі шүріппе ойығына кіріп оның шығыңқысына тіреледі, шүріппені «сақтандыру» жағдайында оталмайтындай етіп жабады; сақтандырғыш қабырғасы жиектің сол жақ шығыңқысына енеді және ысырмалы жиекті жабады.

4.2 Тапаншаны оқтау кезіндегі оның бөліктері мен механизмдерінің жұмысы

Тапаншаны оқтау барысында мыналар қажет:

- магазинді оқтармен толтыру;
- оны сап негізіне салу;
- сақтандырғышты өшіру (жалаушаны төмен қайыру);
- ысырманы артқы соңғы механизмге апарып, бірден жібере салу.

Магазинді толтыру барысында оқтар жөнелткіште бірінен кейін бірі жөнелткіш серіппесін қыса отырып жатады; магазинді оқтармен толтыру шегіне қарай жөнелткіш серіппесі сығылады және жөнелткішті астынан басу арқылы оқтарды жоғары көтереді. Жоғарыдағы оқ


магазин корпусының имек қабырға жақтауларында ұстатылады.

Оқ толтырылған мазазинді қою барысында – сап негізінде магазин ысырмасы магазин қабырғасындағы еріншенің артына секіреді және магазинді сап негізінде ұтайды. Жоғарғы оқ ысырма жалшасына тіреледі. Оқ жеткізуші төменгі жағында орналасады, оның тісшесі ысырманың кідірісіне әсер етпейді.

Сақтандырғышты өшіру барысында (жалауша бұрылысы төмен қарайды) сақтандырғыш шығыңқысы көтеріледі және шүріппені босатады. Сақтандырғышты бұрған кезде оның ілмегі шүріппе ойығынан шығып, шүріппе саңылауын босатады, сонысымен ол шүріппенің артқа еркін жылжуын қамтамасыз етеді. Сақтандырғыш осіндегі шығыңқы сөрешігі сыбырлақты босатады, ол өз серіппелерінің әсерімен төмен түсіреді және сыбырлақ тұмсығы шүріппе взводының сақтандырғышында алға шығады (шүріппе сақтандырғышы взводында тұрады). Сақтандырғышты бұрғанда оның қабырғалары жиектің сол жақ шығыңқысынан шығады және жиек пен ысырманы бөледі. Сонымен қатар, ысырманы қолмен де артқа апаруға болады.

Ысырманы артқа апарағанда мыналар орын алады: Ысырма, жиек көлбеу ойығымен қозғала отырып шүріппені айналдырады. Сыбырлақ серіппе ықпалымен тұмсығымен шүріппенің соққы взводына секіреді. Ысырманың артқы қозғалысы түсіру қапсырмасының жалшасында шектеледі. Қайтару серіппесіне біраз күш түседі. Шүріппе шеңберді ойығының алдыңғы бөлігімен айналғанда түсіру күшін взвод рычагымен алға және біраз жоғары қосады, соның арқасында түсіру шүріппесінің еркін жүрісі пайда болады. Взвод рычагын жоғары көтеру кезінде оның ойығы сыбырлақ шығыңқысына келеді. Магазинге жөнелтуші, жөнелткіші серіппесі ықпалымен жоғарғы оқ ысырма жөнелтушісінің алдына шығатындай етіп оқтарды жоғары көтереді.

Ысырманы жібергенде қайтару серіппесі ысырманы алға жібереді. Жиектің бойлық саңылауларымен қозғала отырып жөнелткіш ысырмасымен жоғарғы оқты оқшантайға жылжытады. Оқ магазин корпусуның имек қабырғаларымен сырғи келе оқшантайдың төменгі бөлігінің ұңғы құймасының қиығында оқшантайға кіріп, гильзаның алдыңғы қиығымен оқшантайға кіріп, оқшантай шығыңқысына тіреледі; ұңғы арнасы босы ысырмамен жабылады. Жөнелтуші серіппесінің әсерімен екінші оқ жөнелтушімен ысырманың жалшасына тірелгенге дейін жоғары көтеріледі. Ысырма екті алдыңғы жағдайға жетіп оқты б оқшантайына жібергенде, лақтырғыш ілгегі гильзаның сақиналы тесігіне секіреді. Шүріппе көтерілді. Тапанша атуға дайын (45 сурет).



45 сурет. Ату алдындағы тапаншаның бөліктері мен механизмінің күйі; 1 – ысырма; 2 – лақтырғыш; 3 – қайтару серіппесі; 4 – түсіру шүріппесі; 5 – тартылу күші; 6 – магазин; 7 – соққы серіппесі; 8 – серіппелі сыбырлақ; 9 – взвод рычагы; 10 – шүріппе

4.3 Сақтандырғыш қосулы болғандағы оқталған тапаншаның бөліктері мен механизмдерінің жұмысы

Егер оқ атудың керегі жоқ болса шүріппені ату взводынан түсіріп, қызыл шеңбердің сақтандырғыш жалаушасымен жабылғанына көз жеткізгенге дейін, жалаушасын шегіне дейін жоғары бұрап сақтандырғышты қосу керек. Жалаушаны бұру барысында сақтандырғыш томпағы түсіріледі және сыбырлауықтың көтерілуі басталғанға дейін шүріппе қимылының жолына тұрады; сақтандырғыш осі кerpеш сөресімен сыбырлауықты көтереді, салдарынан сыбырлауық бұрылады да шүріппені босатады; шүріппе ату серіппесінің жалпақ қанатшасы әсерінен айналады да сақтандырғыш шығыңқысына соққы береді; сақтандырғыш қабырғасы бұрылып келіп жиектің сол жақ томпағына кіреді және ысырманы жиекпен жабады. Сақтандырғыш ілгегі түсіріліп шүріппе ойығына кіреді де оны шүріппені оталдыру мүмкін емес жағдайға түсіреді. Егер сақтандырғышты осы жағдайда өшірсе онда шүріппе «тоқтаның» арқасында автоматты түрде сақтандырғыш взводына түседі. Бұл жағдайда тапанша өзіндік взводпен кідірмей-ақ оқ атуға дайын болады. Тапаншамен жұмыс істеу барысында кездейсоқ соққылар барысында қауіпсіздік шүріппені сақтандырғыш взводына автоматты түрде қою арқылы қамтамасыз етіледі.

Егер шүріппенің түсірілуі сақтандырғышсыз, осы оң қолдың бас бармағымен шүріппе басын ұстап тұрып, оң қолдың сұқ саусағымен түсіру ілмегенің ұшын басу арқылы орын алса онда шүріппе түсіру ілмегін босатқан соң автоматты түрде («тоқтаның» арқасында) сақтандырғыш взводында тұратын болады.

4.4 Тапаншаның оқ атылу кезіндегі бөліктері мен механизмінің жұмысы

Тапаншадан оқ ату үшін сақтандырғышты өшіру керек, түсіру ілмегенің ұшына саусақпен басып, шүріппені оталдыру керек.

Сақтандырғышты өшіріп шүріппені оталдыру барысында тапаншаның механизмдері мен бөлімдері мен механизмдерінің жұмысы жүреді. Түсіру шүріппесінің ұшына басу кезінде түсіру күші алға қарай жылжыйды да түсіру күшінің артқы ұшымен жалғанған взвод рычагы сыбырлақтың томпағына ойығы тірелгенше жоғары көтеріледі; содан соң взвод рычагы сыбырлауықты көтеріп шүріппенің соққы ілмегінің взводына жалғағанша көтереді. Взвод рычагының ажыратушы томпағы ысырманың ойығына кіреді. Шүріппе сыбырлауықтан босап соққы серіппесінің жалпақ қанатшасының әсерімен дереу шетмойынға алға бұрылады және тоқпаққа соғылады. Тоқпақ алға қарай жылдам жылжи отырып екпінмен келіп оқтың капсулясын жарады, осы сәтте атыс арын алады, газ қысымы әсерімен оқ ұңғы арнасынан атылады, осы сәтте газдар гильзаның түбі мен қабырғаларын сығады. Гильза ісінеді және оқшантай қабырғасына тығыздалады. Гильза түбіндегі газ қысымы ысырмаға беріледі, салдарынан ол алға жылжиды.

4.5 Оқ атылғаннан кейінгі тапанша механизмі мен бөліктерінің жұмысы

Ысырма окдері газдарының гильза түбіне қысымынан соң гильзамен бірге артқа кетеді. Артқа қарай қозғалудың бастапқы кезінде (3-5 мм аралықта) сыбырлауықпен іле отырып, ысырма өзінің томпағымен взвод рычагының ажыратушы томпағын оңға қарай қисайтып, оны сол сыбырлауықпен ажыратып, ажырату жүреді. Серіппе әсерінен босаған сыбырлауық шүріппеге

барып қысылады; шүріппе шегіне дейін артқа бұрылғанда сыбырлауық тұмсығы шүріппенің ату взводына секіреді де оны келесі атуға дейін ұстайды. Ысырманың әрмен қарай артқа қозғалуы, взвод рычагының ажыратушы томпағы ұңғының қуысы арқылы сырғиды; гильза ұңғы ыдысшасында лақтырғышпен тосылады, шағылғышқа соқтығысады да ұңғы қабырғасы көзшесі арқылы сыртқа лақтырылады. Ысырма қайтару серіппесінің әсерінен артқы механизмнің шегіне дейін жетіп, алдыңғы механизмге қайта оралады, ысырма берушімен бірге магазиннен келесі оқты итеріп шығарып оны оқшантайға жөнелтеді. Ысырма алғы механизмнің шекті жеріне жеткен кезде және оқты оқшантайға жібереді, ысырма алдыңғы механизмнің шектің жағдайына жеткенде оқшантайға оқты жөнелтіп, лақтырушының ілгегі гильзаның шеңберлі ойығына секіреді. Вывод рычагы сыбырлаққа тіреледі (қабырғасына) және оның ажыратушы томпағы ысырмадағы ойыққа қарсы тұрады. Тапанша кезекті оқ атуға дайын.


Келесі оқты ату үшін түсіру шүріппесінің ұшын жіберіп оған қайта басады.

Түсіру шүріппесінің ұшын жіберу кезінде соққы серіппесінің жіңішке қанатшасының әсерімен түсіру күші взвод рычагымен артқа кетеді, бірдей уақытта взвод рычагы төмен түсіп өзінің ойығымен сыбырлауық шығыңқысына кіреді.

Түсіру шүріппесінің ұшына басқан кезде взвод рычагы сыбырлауықты көтеріп шүріппені сыбырлауықтан қайта босатады. Кезекті атыс орын алады. Егер ысырма алдыңғы шекті жағдайға дейін жетпесе (оқ мыжылған) онда біріктіруші взвод рычагы ысырмадағы ойыққа кірмейді, соның салдарынан взвод рычагы сыбырлауық тістеуігіне кірмейді және түсіру шүріппесіне кезекті рет басқан кезде сыбырлауықты бұрмайды және шүріппені түсіре алмайды. Егер оқ оқшантайға толығымен (дұрыс) түспесе онда оқ атылмайды.

4.6 Өзіндік взводпен ату барысындағы тапаншаның бөліктері мен механизмдері

Егер ату шүріппені болжамды енгізусіз жүргізілсе, (47 сурет) онда түсіру шүріппесінің ұшына басу кезінде шүріппе автоматты түрде оталады. Осы сәтте взвод рычагы, шүріппенің өзіндік взводиына томпағымен ажыратушыға кіре отырып шүріппені оталдырады. Шүріппе ату взводиында тұрмайды, (сыбырлауық үзіліс сәтінде взвод рычагының шығыңқысымен жоғарғы жағдайға көтеріледі), рычаг томпагының өзіндік взводиынан жұлынып соққышқа барып ұрылады да атыс орын алады.



47 сурет. Өзіндік взводпен ату алдындағы тапаншаның бөліктері мен механизмдерінің жағдайы: 1 – ысырма; 2 – лақтырғыш; 3 – қайтару серіппесі; 4 – түсіру шүріппесі; 5 – түсіру күші; 6 – магазин; 7 – соққы серіппесі; 8 – серіппелі сыбырлауық; 9 – взвод рычагы; 10 – шүріппе

4.7 Тапаншаның оқжатарының оқты жұмсаудағы бөліктері мен механизмдерінің жұмысы

Магазин жөнелткіші магазиндегі барлық оқтарды жұмсау кезінде өзінің тісшесімен ысырма кедергісін жоғары көтереді. Ысырма, өзінің тісшелерімен ысырма кедергісі шығыңқысына тіреліп артқы позицияда тоқтайды. Шүріппе ату взводиына қойылады. Жөнелтуші серіппесінің қысылуы азырақ күшке ие. Ысырма артқы жағдайда қалады және тапанша сабының негізінен магазинді суырып алғаннан соң да ысырма кедергісінде тұрады.

Ысырма ысырма кедергісінен (алынған немесе салынған магазинде) ысырма кедергісі нүктесіне саусақпен басу арқылы босатылады.

4.8. Тапаншадан оқ ату барысындағы кедергілер мен және оларды қалпына келтіру тәсілдері

Тапаншаға дұрыс қарап, күтім жасаған кезде және дұрыс сақталған кезде сенімді және кедергісі жоқ қару бола алады. Алайда онымен ұзақ жұмыс істеу барысында оның механизмдері мен бөліктерінің ескіруі, қарумен дұрыс жұмыс істемеген кезде және күтім ұқыпсыз болған кезде тапаншадан оқ атылуда кедергілер болуы мүмкін. Ұзақ жұмыс істеу барысында тапанша бөліктері мен механизмдері ескіреді, анығын айтқанда дұрыс қарамай салғырттық танытқан кезде қарудан оқ атылмай қалуы мүмкін.

Тапаншадан оқ ату барысында кедергілерді болдырмау үшін мыналарды істеу қажет:

- тапаншаны атысқа дұрыс дайындау;
- уақтылы және барлық ережелерін сақтай отырып тазалау, қарау және майлау - әсіресе тапаншаның үйкеліске

ұшырайтын бөліктерінің тазалығы мен майланып тұруын мұқият қадағалау;

– тапаншаны өз уақтысында жөндеуден өткізу;

– атудың алдында оқтарын қарау: олардың жарамдылығын, тат басқан және кірлеген оқтарды атуға қолданбау;

– ату барысында және қозғалыс кезінде тапаншаны ластанудан және ұрылудан сақтау;

– егер тапанша қолданудан бұрын ұзақ уақыт қатты аязда тұрып қалса онда оны оқтаудан бұрын оны бірнеше рет ысырмасын қолмен тартып қайта жіберу керек, ысырманы әр тартып босатқан сайын түсіру ілгегінің ұшына шүріппені қысып, шүріппені түсіру керек

Егер ату барысында тапанша атылмай қалса онда оны тапаншаны зарядтан босатып барып жөндеу керек.

Егер зарядтан босатылған кезде кедергілер жөнделмесе онда оның себебін анықтап, төменде көрсетілген тәртіппен жөндеу керек.

Кедергілер	Кедергі себептері	Оларды қалпына келтіру тәсілдері
1. ОТАЛМАУ. Бекітпе алдыңғы механизмнің шектік жағдайында, шүріппе түсірілген, бірақ қару атылмайды.	1. Патрон капсулясы жарамсыз. 2. Қалың май басып кеткен, соққы астындағы арналары кірлеген. 3. Соққы шығысы аз немесе соққы ұрысы аз.	1. тапаншаны қайта оталдыру және оқ атуды жалғастыру. 2. Тапаншаны тексеру және тазалау 3. Тапаншаны шеберханаға жөндеуге жіберу.
2. Оқты бекітпемен мен дұрыс жаппау. Бекітпе алдыңғы механизмнің шектік деңгейіне жетпей тоқтайды;	1. Оқпан, ойықтарының жиектері, бекітпе ыдысшасының кірлеуі 2. гнетик немесе лақтырғыш серіппелерінің	1. Бекітпені алға қарай қолмен итеріп жіберу, атысты жалғастыру 2. Тапаншаны тексеру немесе

шүріппені түсіру мүмкін емес	кірлеуінен лақтырғыштың ауыр қозғалысы	тазалау
3. 3. Оқтың оқжатардан оқпанға түспеуі немесе жылжымауы. Бекітпе алдыңғы жағдайда тұрады, бірақ оқпанда оқ жоқ, бекітпе оқпайға оқты жібере алмай, оқпен бірге ортаңғы механизмде тоқтап қалады.	1.1. Магазиннің және тапаншаның жылжыма бөліктерінің кірлеуі. 2. оқжатар корпустарының жоғарғы тұстарының қисайып кетуі.	2. Тапаншаны қайта оқтап, атысты жалғастыру. Тапанша мен оның оқжатарын тазалау 2. Жарамсыз оқжатарды ауыстыру
4. Бекітпенің гильзаны қысып қалуы (кептеліп). Гильза бекітпедегі көзшесі арқылы қаруға жіберілмей лақтырғыш пен ұңғының ортасында қысылып қалуы.	1. Тапаншаның жылжымалы бөліктерінің кірлеуі 2.Лақтырғыштың бұзылуы, оның серіппелері мен шағылысқышының жарамсыздығы	1. Қысылған гильзаны алып тастап атуды жалғастыру. 2.Тапаншаны шеберханаға жөндеуге жөнелту.
5. Автоматты түрде ату	1.Сокқы ағытқыш бөліктерінің кірлеуі мен қалың майласу 2. Сыбырлауық тұмсығы мен шүріппе ату взводының жарамсыздығы. 3. Сыбырлауық серіппесінің сынуы немесе әлсіреуі 4.Ысыманың қайтару сөресіне сыбырлауық тісінің тиюі	1. Тапаншаны тазалап, қарап шығу. 2.Тапаншаны шеберханаға жөнелту.

5. ТАПАНША МЕН ОНЫҢ ОҚТАРЫН АТУҒА ДАЙЫНДАУ, ТЕКСЕРУ, ОЛАРДЫҢ КҮТІМІ МЕН САҚТАЛУЫ

5.1 Жалпы ережелер

Қарудың жағдайын, атуға дайындығын және жарамдылығын анықтау үшін, тапаншаға ішкі қызмет Жарғысымен бекітілген уақытта тұрақты түрде текерулер жүргізіледі. Тапаншаны тексеру жиналған күйде және шашылған күйде жүргізіледі. Тапаншаны шашу деңгейі әр тексерістің алдында анықталады. Тапаншаны тексерумен қатар бір мезгілде кобура, қосалқы магазин, ысқыш пен тапанша бауы да тексеріледі.

Тапаншамен қаруланған әр қызметкер тапаншаны күн сайын, жаттығуға шығар алдында, атудың алдында және тазалаудан бұрын тексеруі керек.

Жаттығу өткізер алдында және атудың алдында тапаншаны жинақталған күйде тексереді, ал тазалау кезінде шашылған (паршаланған) және жинақталған күйде тексереді.

Тапаншаны күнделікті қарау барысында мыналарды тексереді:

- металл бөліктерінде таттың ізі, кір, сырылу, ұрылған немесе сызаттың бар жоғы; майлау қандай жағдайда екені тексеріледі;

- бекітпе, оқжатар, соққы-ағытқыш механизімі, сақтандырғыш пен бекітпе кедергісінің дұрыс жұмыс істеуін;

- нысан мен көздеуіштің дұрыстығы;

- оқжатардың сап негізінде ұсталынуы;

- ұңғы арнасының тазалығы.

Тапаншаның дұрыс жұмыс істемейтіні дереу анықталуы керек; егер ол құрылымдық бөліністе

жасалынбаса онда тапаншаны жөндеу шеберханасына жөнелту керек.

Тапаншаның дұрыс атылмауын сипаттайтын мінездемелер мыналар:

- оқпан қисайған немесе соғылған – оқпанға қарама-қарсы орналасқан төбешігінен оқ шетке қисық ұшады;

- нысан ығысады – нысанның ығысқан жағына оқтар қисаяды;

- ұңғының оқпан бөлігінің соғылуы – оқ қарсы бетке ұрылып, бір шетке қисаяды;

- ұңғы арнасының қажалуы (әсіресе оқпан бөлігі), ұңғы арнасы тозығы жеткен кесінді арналары (доғалдану), сызылулар мен ұңғы арнасының ұрылуы, нысананың тербелуінің барлығы оқтың шөгуін күшейтеді.

5.2 Тапаншаны жинақталған күйде қарап тексеру

Тапаншаның жинақталған күйінде мыналар тексеріледі:

1. Тапанша бөліктерінде таттың, кірдің және қисайудың, сырылғанын, ұрылғанын, сызат кеткен жерлерінің болуын; ысырма номері мен сақтандырғыштағы және оқжатар, жиек нөмірлерімен сәйкес келуін.

2. Көздеуге кедергі келтіретін оқпанның және нысана жырығында ұрылған жерлердің бар жоғын тексеру; ысырма саңылауында нысана көздеуіштің дұрыс тұруын және нысана мен ысырма сызығы сәйкес келетінін.

3. Сақтандырғыш бір жағдайдан екінші жағдайға оңай қосыла ма немесе шекті жағдайға сенімді бекітілетінін.

4. Шүріппеде тойтарғыштың болуын: шүріппені түсіргенде және түсіру шүріппесін шекті жағдайға дейін артқа апаруда шүріппенің басы қол саусағымен басқанда

алға берілуі керек, басуды тоқтатқан соң алғашқы күйіне жылдам келеді; түсіру шүріппесін түсіргенде және шүріппе басын басуды тоқтатқанда шүріппе сақтандыру взводына түсуі керек және осы жағдайда қолдың жетерліктей қатты басуымен сақтандыру взводынан шықпай алға жылжымауы керек.

5. Түсіру қапсырмасы жиекте сенімді ұстатылғанын және қисық жағдайда тұрған ысырма бөлігі үшін қойылатынын.

6. Сап бұрамасы дұрыс бұралғанын.

7. Ұңғы арнасында кірдің, тат іздерінің және өзге де кемшіліктердің болмауын. Ол үшін бекітпені бекітпе кедергісіне қояды және бекітпедегі терезесіне ақ қағазды қойып, ұңғы арнасына оқпан бөлігінен қарайды.

8. Оқжатар корпусының жоғарғы шеттері мен қабырғаларының майыспағанын және магазинге жөнелтушінің еркін қозғалатынын текскереді.

9. Негізгі сапқа оқжатар (қосалқы оқжатар) оңай қойыла ма және шыға ма, сондай-ақ, оқжатар ілмегіне сенімді ұстатылғанын.

10. тапанша бөліктері мен механизм жұмыстарының дұрыстығы. Тексеру үшін алдымен мынандай жұмыстарды атқару керек.

Сақтандырғыш жалаушасын ату жағдайына қояды (төмен түсіреді), бекітпені қолмен шегіне дейін артқа апарады және оны босатады; бекітпе кедергісінің ықпалымен бекітпе біршама алға жылжып артқы жағдайда қалуы тиіс. Бекітпе кедергісінің түймесін басады; бекітпе қайтармалы серіппесінің ықпалымен алғашқы жағдайға жылдам келуі тиіс, ал шүріппе ату взводында тұруы керек. Ағытқыш ілмектің ұшына басады; шүріппе соққы взводынан шығып тоқпаққа соққы жасауы тиіс. Тапаншаның сап негізінен оқжатарды шығарып оны жаттығуға арналған оқтармен толтырады; оқжатарды

тапаншаның негізгі сабына енгізеді, бекітпені артқа апарды және оны жібереді; осы кезде бекітпе қайтару серіппесінің әрімен шекті алдыңғы жағдайға жетіп оқты оқпанға жөнелтуі тиіс; бекітпені артқа қайта апару кезінде оқ бекітпедегі терезесі арқылы сырт жақсы көрініп тұруы тиіс.


Сақтандырғыш жалаушасын жоғары «сақтандыру» жағдайына қойылады; бұл кезде шүріппе ату взводынан шығып, сақтандырғыш шығыңқысына соққы жасауы керек және артқа кету жағдайда қалуы тиіс; бұдан соң бекітпе жабылып, шүріппе қолдың бас бармағы әсерінен және ағытқыш ілмиектің ұшына (өзіндік взвод) басқандағыдай атылмауы керек. сақтандырғыш жалаушасын «ат» жағдайына қойып, ағытқыш ілмиектің басады; осы кезде шүріппе оталып ату взводына түспей-ақ тоқпаққа соққы жасайды. Шүріппені ату взводына қойып шүріппе ұшына арт жағынан басады; осы кезде ол ату взводынан шығып тоқпаққа қатты соққы жасауы тиіс.

Серіппе салмақтары барда ату взводындағы түсіру шүріппесінің күшін тексеру.

Ату взводындағы шүріппені түсіру түсіру шүріппесіне 1,5 кг аз емес және 3,5 кг көп емес күш салумен жүргізілуі керек.

11. Сыбырлақты көтергенге дейін сақтандырғышты бұру барысында сақтандырғыш шығыңқысымен шүріппе бекітіле ма. Тексеруді келесі тәсілмен жүргіземіз. Сақтандырғыш жалаушасын «ат» жағдайына аударады. Шүріппені ату взводына қояды. Тапаншаны ұңғысын төмен қаратып оң қолда ұстайды және сыбырлақ артындағы ысырма ойығы арқылы бақылай отырып, оң қолдың бас бармағымен сақтандырғыш жалаушасын жоғары қарай сыбырлақты көтеруді бастағанға дейін асықпай қозғайды. Осындай тәсілмен сақтандырғыш жағдайын сыбырлақты көтерген сәтке дейін анықтап (сақтандырғыш шығыңқысының таяқшасы сыбырлақ

тісшесіне жанасқанына дейінгі сәтте), оң қолдың бас бармағымен шүріппені ұстап сұқ саусақпен түсіру шүріппесіне басады және оны жібермей тұрып шүріппені жайлап алдыңғы жағдайға алып келеді. Сол кезде шүріппе сақтандырғыш шығыңқысына тіреліп, сақтандырғышпен бекітіледі (48сурет), нәтижесінде қару атылмайды.



48 сурет. Шүріппені сақтандырғыш шығыңқысымен құлыптау сызбасы: 1 – сыбырлауық тісшесі; 2 – сақтандырғыш шығыңқысы сөресі; 3 –сақтандырғыш шығыңқысы

5.3 Тапаншаны шашқан күйде қарап-тексеру

Тапанша шашылған кезде оның әр бөлігі мен механизімі жеке-жеке мұқият қаралады, металлда тозығының болуы, бұрандаларының үзілуі, сызылулар мен мыжылулар, иілулер, бұртіктер, тат пен кірдің болуын және барлық деталдарының нөмірінің бірдей болуы тексеріледі. Ұңғы мен жиекті қарап тексеру барысында және түсіру қапсырмасы негізгі назарды ұңғы арнасының жағдайына аудару керек. Ұңғы арнасын оқпан және оқпан ұшы жағынан тексеріледі. Сонымен қатар ұңғы арнасының, оқпанның тазалығы және ұңғының оқпан кесіндісінің дұрыс жұмыс істеуі тексеріледі. Ұңғы

хромдалған және хромдалмаған арна мен оқшантайдан тұруы мүмкін. Хромдалмаған ұңғы арнасын тексеру барысында келесідей кемшіліктер байқалуы мүмкін:

Бүртіктер – металлдың татпен бүлінуінің алғашқы белгілері. Бүртік нүктелі және бөртпе тәрізді болады. Ол ұңғы арнасының әр жерінде немесе барлық жерінде пайда болады.

Тат – металдағы қара дақ. Көзге білінбейтін татты ұңғы арнасын таза шүберекпен тазалау кезінде анықтауға болады, ол шүберекке сарғыш дақ қалтыру арқылы білінеді.

Тат іздері – татты тазалаған соң қалатын терең емес қара дақ.

Ойықтар – металлда таттың көп уақыт әсерінен пайда болатын айтарлықтай тереңдік. Оны құрылымдық бөліністе алуға тиым салынады.

Мыстау – жезбен қаптамасы жалатылған оқтармен ату барысында пайда болады. Мыстану ұңғы арнасында мыс дақтары ретінде байқалады. Оны тек жөндеу шеберханасында алады.

Сызылулар – зат тиіп кеткен немесе кейде металлдың жан-жағында көзге көтеріліп білініп тұрады. Ұңғы арнасын сызып алуға жол берілмейді.

Шұңқырлар – ірілі ұсақты шұңқырлар, кейде металды көтерумен кездеседі.

Ұңғының ісінуі – ұңғы арнасында көлденең қара сақина тәрізді (жартылай сақина) көрінеді немесе ұңғының сыртқы бетінде металлдың ісінуімен білінеді. Ұңғының ісінуіне жол берілмейді. Хромдалу категориясы сапасының жағдайын анықтау барысында артиллериялық қаруландыру Нұсқаулығын басшылыққа алады.

Ысырма лақтырғышын, тоқпақты, сақтандырғышты қарау кезінде ішкі ойықтарға, саңылауларға және ұяшықтарға көңіл бөлу керек. Олар ластанбауы және соғылмауы керек. Соққының ысырма арнасында еркін орналасуын, лақтырғыштың ысырма ыдысшасына жылдам

лақтырылуын, соққы тоқпағы мен лақтырғыш ілгегінің ұсақталмағанын тексереді. Сақтандырғышты қарау кезінде бекіткіштің шөгуін, шүріппе құлыптауға арналған ілгекте ірі соғылулардың бар жоғын, шетмойынның ескіргенін, сақтандырғыш қабырғасының ескіргенін тексереді.

Қайтару серіппесін қарап тексеруде ода бүртіктердің, таттың, қисаюдың, кірдің және сынған жерінің, ұнғыда берік ұсталуын тексеру керек.

Соққы-түсіру механизімін қарап-тексеруде негізгі көңілді шүріппенің, сыбырлақтың, түсіру күші мен взвод рычагының дұрыс жұмыс жасауына бөлу керек. Түсіру күшін тексеру барысында взвод рычагын ажыратушы шығыңқысының жарамсыздығы тексеріледі; взвод рычагы түсіру күшінің шетмойынында тістелмей айналуы керек. Шүріппенің сақтандырғыш және ату взводында уатылулар мен ескірулердің, сыбырлауық серіппелердің созылуын және оның тұмсығының ескіргенін тексеру. Соққы серіппесінің қанатшасы сынған болмауы керек.

Бұрадалы сапты қарау кезінде ода сызаттар мен жарықшақтардың, бұрағышта үзілген бұрамалардың болмауын, ойықтар мен саңылаулардың ластанбауын, бұрағышқа арналған металл втулкада кірдің бар жоғы тексеріледі.

Бекітпе кедергісін тексеру барысында оның дұрыс жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз. Бекітпе кедергісі иілген немесе сынған болмауы керек. Шағылыстырғышта металлдың ұнтақтағының бар жоғын тексеріледі.

Оқжатарды тексеру барысында негізгі жөнелтуші тісін, оқжатар ілмегіне арналған шығыңқының дұрыс жұмыс істеп тұрғанына бөлу керек; оқжатар корпусының жоғарғы шеттерінің майыспағаны тексеріледі.

5.4 Ысқыш, кобура мен тапанша бауын тексеру

Тексеру барысында ысқыштың майыспауы, ұрылулар мен сызаттардың болып болмауы тексеріледі. Жүзде металл ұсақтары болмауы тиіс. Ысқыш шығынқысының қисаюын болдармайды. Кобураны тексеру барысында оның тігілісінде сөгітулер мен жыртылулардың болмауы, баудың, бекіткіштің және қосымша белдіктің болуын тексереді. тапанша бауының жарамдылығы тексеріледі.

5.5 Атыс оқтарын қарап тексеру

Ату оқтарын тексеру, тапаншадан ату барысында оқтың атылмай қалуын болдырмау мақсатында, олардың атуға жарамсыздығын анықтау үшін жүргізіледі. Оқтар қарудан атудың алдында, нарядқа түсерден бұрын және ерекше тапсырмалар кезінде қарап-тексеріледі.

Оқтарды қарау кезінде мыналар тексеріледі:

– гильзаларда таттың жасыл түсті дақтың, әсіресе капсюляда оқтың оқшантайға енуіне кедергі келтіретін мыжылулар мен сызылған жерлердің бар жоғы тексеріледі; гильзадан оқтың қолмен шығарылуы және гильза түбінің бетінен капсюля жоғары шығатыны тексеріледі; аталған кемшілігі бар оқтар іріктеліп алынады және өткізіледі;

– атыс оқтарының ішінде жаттығуға арналған оқтардың болмауы.

Егер оқтар балқып немесе ластанып, тат немесе азғантай жасыл дақтар басып кетсе онда оны құрғақ, таза матамен сүртеді.

5.6 Тапаншаны оқ атуға дайындау

Тапаншаны оқ атуға дайындау тапаншаның атыс барысында үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мен оның қалыпты ұрысқа сақтау мақсатында жүргізіледі. Ол үшін мыналар қажет:

- 1) тапаншаны шашылған күйде қарап-тексеру;
- 2) тапаншаны жинаған күйде қарап-тексеру;
- 3) оқтарды қарап-тексеру;
- 4) оқжатарды оқтармен толтыру;
- 5) ату алдында ұңғы арнасын тазалап құрғатып сүртіп алу міндетті.

5.7 Тапанша мен оның оқтарын сақтау

Тапанша қашан да дұрыс күйде тұруы керек. Тапанша мен оның құрылғыларын сақтау міндеттері тапаншамен қаруланған әсери қызметшіге жүктеледі, ол тапаншаға мұқият қарап күнделікті тексеруге міндетті.

Казармалық немесе лагерлік орналасу кездерінде тапанша оқталмаған күйде, кобурадан шығарылып Ішкі қызмет Жарғысына сәкес шкафтарда немесе ұшықты жәшіктерде сақталады. Қосалқы магазиндері тапаншаның қасында ұяшықта сақталады.

Елді мекендер мен пәтерлерде қысқа мерзімді орналасулар кезінде тапаншаны өзінде сақтайсың.

Алаңдарда жаттығу, жаяу жүру немесе темір жолмен, машинада жүру кездерінде дұрыс әрі сенімді бекітілген бауымен, кобураның қатты заттарға соғылуынан сақтайдындай етіп бекітіліп, тапанша кобурада алып жүреді.

Ұңғының ісініуі мен жарылуының алдын алу үшін ату барысында ұңғы арнасын бірнәрсемен жабуға тиым салынады.

Атуға қатысы жоқ кез-келген жағдайда сақтандырғыш жалаушасы «сақтандыру» жағдайында тұруы тиіс. Тапаншаны «ату» және «сақтандыру» жағдайына қою барысында сақтандырғыш жалаушасы шекті төменгі немесе шекті жоғары жағдайда болуады.

Егер қажет кезде тапанша дымқыл кобураға салынса онда бірінші мүмкіндікте тапаншаны кобурадан шығарып, сүртіп, тазалап, майлайды және кобураны құрғатады.

Ыстық аудандарда ауада шаң араласқан кезде сондай-ақ, жағалаулы жерлерде ауа ылғалдылығы жоғары жерлерде тапаншаны ерекше нұсқаулықтарға сәйкес сақталады.

Оқтар құрғақ және күн сәулесі түспейтін жерлерде сақталады, олармен жұмыс істегенде бүлдіріп алмай, соққыдан, ылғалдан, ластанудан сақтайды.

6. ТАПАНШАНЫҢ АТЫЛУЫН ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЛЫПТЫ АТУ ЖАҒДАЙЫНА КЕЛТІРУ

6. 1 Жалпы ережелер

Барлық тапаншалар қалыпты атыс жағдайында болуы керек. Тапаншадан атуды тексеру мына тәртіпте жүреді:

- тапаншаның бөлімге түскен кезінде;
- тапаншаны жөндегеннен немесе оның атылысына ықпал ететін бөліктерін ауыстырғаннан кейін;
- ату барысында оқтардың қалыпты емес қисаюы анықталғанда.

Жауынгерлік жағдайда әр командир тапаншаның атылуын тұрақты түрде тексеріп үшін бар мүмкіндікті пайдалануға міндетті.

6.2 Атылуды тексеру және тапаншаны қалыпты атуға келтіру

Тапаншаны ұрысқа келтіруді тексеру офицерлермен немесе үздік атқыштармен тапанша бекітілген әскери қызметкерлердің қатысуымен жүргізіледі. Бөлім командиріне дейінгі үлкен басшылар тапаншаның атылуын тексеруде ережелерін нақты сақталуын тексеру міндетті және оларды дұрыс атылуға келуін тексеріп, бақылайды.

Тапаншаның атылуын тексеру алдында қару мұқият тексеріледі және анықталған жарамсыз жерлері түзетіледі. Тексеру барысында қару технигі қажетті құралдарымен (шебері) қатысуы тиіс.

Атуды тексеру жақсы жағдайда жүргізіледі: желсіз ашық ауа райы кезінде немесе жабық тирде, немесе желден қорғайтын атыс алаңының аумағында.

Тапаншаның атылуын тексеру 25 м бір партиялы патрондармен жүргізіледі.

Атыс биіктігі 1 м және ені 0,5 м қалқандағы 25 см диаметрлі қара шеңбер бойымен жүргізіледі. Көздеу нүктесі шеңбер ортасы немесе қара шеңбердің астыңғы шетінің ортасы болады. Көздеу нүктесі шамамен қару атушының көз аймағындағы биіктігінде болуы міндетті. Көздеу нүктесінің үстіндегі тік сызықта нысанаға тиюдің орташа нүктесі белгіленеді (бормен, түрлі түсті қарындашпен), ол көздеу нүктесінен 12,5 см жоғары болуы тиіс немесе егер көздеу нүктесі шеңбердің ортасы болса онда сонымен сәкес келуі керек.


Тапаншаның атылуын тексеру тік тұрып қолмен немесе қойылған қандайда бір жергілікті зат немесе астына қойғыш тіреуішпен ату арқылы (опилка толтырылған мешок, шым) жүргізіледі. Тіреуішпен атуда қолдың білегі тапаншамен бірге тіреуішке сүйенбей тұруы керек.

Тапаншаның атылуын тексеру үшін атушы мұқият және біржақты көздеп арт-артынан тоқтаусыз төрт рет оқ атады. Атысты тоқтатқан соң қалқан тексеріледі және оқ тесіп өткен жерлердің орналасуы бойынша тапанша

атысының жұмырлығы мен оқ тиюдің орташа нүктесінің жағдайы қаралады.

Тапаншаның шоғырланып атылуы егер барлық атылған төрт оқтың да (ең құрығанда үшеуі, егер бір оқ бірден шетке қисайса) көлемі 15 см диаметрлі шеңберге орналасса қалыпты деп танылады. Атудың қанағаттанарлық шоғырлануда командир оқ тигізудің ортағы нүктесін белгілеп, сантиметрлік сызғыштың көмегімен оның бақылау нүктесінен ауытқу көлемін өлшейді. Бақылау нүктесі арқылы өлшеудің ыңғайлылығы үшін тігінен және көлденеңінен екі сызық жүргізіледі (бормен, түсті қарындашпен).


Төрт оқ бойынша тиюдің ортаңғы нүктені анықтау үшін тік сызықпен кез келген екі оқ тескен жерді біріктіреді және олардың ара қашықтығын теңдей бөледі; алынған бөлу нүктесін үшінші оқ тескен жермен жалғайды және олардың ара қашықтығын бірдей үш бөлікке бөледі; алғашқы екі оқ тескен жердің бөлініс нүктесін төртінші оқ тескен жермен жалғап олардың ара қашықтығын бірдей төрт бөлікке бөледі. Үшке бөлгеннен қалған төртінші оқ тескен нүкте оқ тиетін орталық нүкте болып табылады. (49 сурет).



49 сурет. Төрт оқ өткен жердің ортаңғы нүктесін анықтау.


Оқ өткен орындардың симметриялық орналасу бойынша көздеудің ортаңғы нүктесін келесі амалмен анықтауға болады:

а) қатар жатқан оқ тесу орындарын жұп-жұбымен қосады, екі тік сызықтың ортасын қайтадан қосып алынған сызықты теңдей қып бөледі; бөлу нүктесі оқ тиюдің орталық нүктесі болады. (50 сурет);




50 сурет. Төрт оқ өткен жердің симметриялық орналасқан жерінен ортаңғы нүктесін анықтау.

б) оқ тесу орындарын крест тәрізді тік сызықтармен жұп жұбымен біріктіреді; осы сызықтарды кесу нүктесі оқ көздеудің ортаңғы нүктесі болып табылады. (51 сурет).



51. сурет. Төрт оқ өткен жердің симметриялық орналасқан жерінен ортаңғы нүктесін анықтау.

Үш оқ өткен жерді көздеудің ортаңғы нүктесін анықтауда екі оқ өткен жерді екі тік сызықпен біріктіреді; осы сызықтардың ортасын үшінші оқ тесу орнымен жалғайды; жаңа сызықты бірдей үш бөлікке бөледі; бірінші сызыққа жақын нүкте оқ көздеудің ортаңғы нүктесі болады (52 сурет).



52 сурет. Үш оқ өткен жердің симметриялық орналасқан жерінен ортаңғы нүктесін анықтау.

Оқ атудың ортаңғы нүктесін анықтаған соң командир оның бақылау нүктесінен қисаю қашықтығын өлшейді. Тиюдің ортаңғы нүктесінен бақылау нүктесіне дейін 5 см аса ауытқымауы керек. егер ортаңғы бақылау нүктесінен 5 см аса ауытқыса, онда тапанша қару технигіне (шеберіне) тиісті қозғалысы үшін немесе нысана көздеуішін ауыстыру үшін беріледі; егер көздеудің бақылау нүктесі жоғары (төмен) болса онда нысана көздеуші неғұрлым аласаға (биік) ауыстырылады; нысана көздеуіш бақылау нүктесінен тиюдің ортаңғы нүктесі оңға (солға) онда нысана көздеуіш солға (оңға) қозғалады.

Нысана көздеуіштің биіктігін үлкейту (кішірейту) немесе оны 1 мм оңға (солға) орналастыру көздеп тигізудің ортаңғы нүктесін, тиісті бағытқа 19 см өзгертеді.

Ескерту. Тапанша оқпанын кесуге тиым салынады. Тапаншаны қалыпты атысқа алып келу аяқталды деп есептеледі, тапанша шоғырлануына қатысты және тиюдің ортаңғы нүктесі жағдайына қатысты қалыпты ату талаптарын қанағаттандырады. Тапаншаны қалыпты атуға алып келген соң, нысан жынысөзек (керн) көмегімен бекітіледі; нысанадағы ескі белгі сақталынады, ал оның орнына жаңа белгі салынады.

Ескерту. Ысырма қабырғасындағы белгілерді тазалауға тиым салынады.

7. ТАПАНШАДАН АТУ ТӘСІЛДЕРІ

7.1 Жалпы ереже

Тапаншадан ату тік тұрып, тізерлеп, жатып ату тәсілдерімен жүргізіледі. Машинамен қозғалу барысында қолдан және тіреуішпен және т.б. Атудың барлық тәсілдерін атушы нысана көздеуін тоқтатпай тез орындайды.

Тапаншадан ату келесі тәсілдерді орындаудан жинақталады:

- тапаншаны атысқа дайындау (тапаншаны оқтау, ату тәсілін таңдау);
- тапаншадан ату (көздеу, шүріппені түсіру);
- атуды тоқтату (түсіру шүріппесіне басуды тоқтату, сақтандырғышты қосу, оны «сақтандыру» жағдайына қосу, тапаншаны оқты алу).

Ұрыс кезінде тапаншадан оқ ату өздігінен жүргізіледі. Оқу жаттығу мақсатында түрлі тәсілдермен оқ ату кезінде мынандай командалар беріледі (шамамен): «мынандай нысанда, жатып (тізерлеп, тұрып) ат». Осы командаларда нұсқалған команда бойынша ату тәсілін қабылдау керек, сақтандырғышты өшіріп (жалаушаны төмен түсіреді) және нысананы көздей отырып өзіндік ту взводумен оқ атылады. Осы команда бойынша оқ ату шүріппені шамамен ату взводына қойю арқылы да жүргізілуі мүмкін.

Атушының оқ атудағы түрлі тәсілдерді қабылдап, неғұрлым сапалы атуын қамтамасыз ету үшін әр қызметкер өздерінің жеке қабылеттеріне байланысты атудың неғұрлым тиімді тәсілін тауып, ақ пен қолға ыңғайлы, қолға саптың бір текті тәсілін ұстау арқылы жүргізеді.

7.2 Атуға дайындық

Атуға дайындық кезінде «оқта» командасында атушы мынаған міндетті:

- кабурадан тапаншаны алады, сап негізінен магазинді шығарады, тапаншаны кобураға салады;

оқжатар патрондармен толтырылады, оқжатарды сол қолмен ұстап тұрып оң қолмен оқжатарға оқтарды салады, бас бармақпен оларды баса отырып оқтың оқжатардың жоғарғы жақтау қабырғаларына жеткенше оқтарды толтырады;

- кобурадан тапаншаны шығарады, оқжатарды қарудың негізгі сабына салады;

Оқты ұңғы оқапына жөнелту, ол үшін сақтандырғышты өшіріп (жалаушаны төмен түсіреді), сол қолмен бекітпені шекті артқы жағдайға апарады және оны жібереді;

- сақтандырғышты қосады (сатандырғыш жалаушасын оң қолдың бас бармағымен қызыл шеңберді жапқанынша аударады) және тапаншаны кобураға салады.

Ескерту. Ұрыс жағдайында тапанаша алдын ала оқталуып тұруы тиіс.


Дәл тигізу техникасының негізін меңгеру бір қолдан баяу атуды орындау үшін дайындық өңдеу болып табылады, ол қарудың нысан көздеу кезінде азырақ толқуына мүмкіндік береді. Дайындық 67>18<0267 ату үшін – әбұл әр адам үшін дене бөлігінің жеке тәсіл. Алайда, қабылдауға тура келетін (үйренетін) тиміді тұрыстарды жасауда арналған жалпы ұсыныстарды беруге болады. Келесі тәртіппен (52 сурет):

- нысанаға жартылай немесе оң жақ қырмен тұру;
- аяқты иық деңгейіне қойып, өкшелерді сәл ғана алшақтатады;
- дене салмағын екі аяққа тегіс салады;

– жамбасты сәл алға беріп, сол қол дене бойына еркін жіберіледі (оны қалтаға салуға, бас бармақпен қалтаға немесе арт жақтан немесе алдыңғы жақтан белдіктен іліп ұстап тұрса да болады);

– қару ұстаған оң қолды нысана бағытына көтеріп арқаны сәл еңкейтеді және иықты бос жібереді;

– басты мойын бұлшықеттеріне күш түсірмей оң жаққа бұрады. Дайындықтың негізгі талабы барлық жүйенің тепе-теңдігін сақтауда дененің бұлшық еттеріне артық күш салмау: атушыстрелок – оружие-қару.



52 сурет. Бір қолдан атуға дайындық

Аталған нұсқаманы орындаған соң жабық көзбен дененің жеңіл тербелістерін және оң қолмен түрлі бағыттарда бұлшықеттердің барлық топтарының қозғалысы тоқтағаннан соң ыңғайлы жағдайында болуына дейін орындайды. Бұл жағдайда бұлшықеттер бірдей ширығу жағдайында болады.

Осыдан соң көзді ашып, қарудың жағдайына қарайды, қару нысана көздеу аумағында тұруы керек. Егер көзделген жабдық шет жақта болса, қаруды нысанаға келтіру тігінен корпусы еңкейуін өзгертіп ату жалпақтығының шамасында, ал көлденеңінен аяқ өкшелерін қоюға байланысты жүргізіледі. Егер шүріппені

түсіру кезінде дене бұрылысы мен қаруды біріктіру және қолды көтеру (түсіру) атушы үшін бұл білінбей, бұлшықеттер тобының ширығуы жағдаймен бірдей болады, нәтижесінде оқ тесіп өткен жерлердің түсініксіз және бақылануы қиын ауытқушылықтар пайда болады.

Дұрыс тұру белгілі жағдайда атушының жалпы шыдамдылығын арттырады және оның шаршағанын азайтады, сондай-ақ, қарудың қарама-қарсы теңселуін азайтады. Бұл тек дененің түрлі бөліктерінің артық ширығуынсыз шынайы жағдайында орын алады.

Ұстау (тапаншаны қолда ұстау тәсілдері).

Қаруды ұстаудан ату нәтижесі, ату тұрақтылығы, қаруды бір келкі ұстау, нысан көздеудегі әрекеттер, оқтың шөгуінің баяулығы, және әрине жалпы нәтижені жоғарлату сияқты көптеген нәрсе байланысты болады. Егер тұрып атудан қарудың тербелуі байланысты болса, онда ұстауда нысаннан ауытқудың бірдей көлемінде алты есе қарудың бұрыштық шайқалу мөлшерін анықтайды. Сондықтан біртекті дұрыс ұстауды жасау болашақта ату нәтижесін анықтайтын болады. Қолдағы қарудың жағдайы 53 суретте көрсетілген.

Келесі сәттерге назар аудару керек:

- қару қолға терең орналастырылуы керек, – жиектің сыртқы бөлігі қолдан шығып кетпеуі керек;

- ұңғы арнасының остері мен иығы (мүмкіндігінше) бір жалпақтықта жатуы керек;


- сапты үш саусақтың күшімен бірдей ортаңғы саусақтың ықпалымен ұстайды (54 сурет);

- бас бармақ ысырма жанына созылады және орташа күшпен жиекке сығылады;


- саптағы негізгі күш тікелей жалпақтыққа орналастырылуы керек;

- сұқ саусақты тырнақ буынының ортасымен түсіру шүріппесіне немесе саусақтың ұзындығына қарай бірінші

буынға жақын апарады, бірақ міндетті түрде ол қаруға оң жағынан жанасуы керек.




53 сурет. Тапаншаны ұстау



54сурет. Тапаншаның қолға орналасуы

Қаруды жығу (сап остеріне қатысты бұрау; (55 сурет) болмайды, бірақ ол ату нәтижесіне айтарлықтай зиянын тигізбейді. Көзбен жақсы бақылауға болатын, қаруды 10° дейін жығу барысында оқ дәл сол жығылған жаққа 3 см аспай 25м қашықтықта қисаяды, яғни қателік өзге қателіктер есебінен оқ тесу орнының тікелей шөгуі аз болады.



55 сурет. Қарудың жығылуы

Тыныстау

